

"Халық-Life" өмірді сақтандыру бойынша
«Қазақстан Халық Банкінің еншілес компаниясы» акционерлік қоғамының
Басқармасы шешімімен
мақұлданған
(2018 ж. "25" қазан №121 отырыс хаттамасы)

"Халық-Life" өмірді сақтандыру бойынша
«Қазақстан Халық Банкінің еншілес компаниясы» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі шешімімен
бекітілген
(2018 ж. "01" қараша №65 отырыс хаттамасы)

Пайдаға қатысумен бала пайдасына өмірді аралас сақтандыру ЕРЕЖЕЛЕРІ («Болашақ» сақтандыру бағдарламасы)

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. Жалпы ережелер.....	Ошибка! Закладка не определена.
1 тарау. Қолдану мақсаты мен саласы	Ошибка! Закладка не определена.
2 тарау. Терминдер мен қысқартулар.....	Ошибка! Закладка не определена.
2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшеліктері.....	Ошибка! Закладка не определена.
3 тарау. Осы Сақтандыру қағидаларына сәйкес жасалатын сақтандыру шарты мен қосымша шарттардың ерекшеліктері	Ошибка! Закладка не определена.
3-бөлім. Пайданаың қатысуымен жинақтаушы өмірді сақтандыру	Ошибка! Закладка не определена.
4 тарау. Сақтандыру шартының мәні.....	Ошибка! Закладка не определена.
5 тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі.....	Ошибка! Закладка не определена.
6 тарау. Сақтандыру жағдайлары	Ошибка! Закладка не определена.
7 тарау. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі	Ошибка! Закладка не определена.
8 тарау. Сақтандыру сыйақысының (сақтандыру жарналарын) мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімі	Ошибка! Закладка не определена.
9 тарау. Сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кешіктіру	Ошибка! Закладка не определена.
10 тарау. Сақтандыру шартының қолданысын қалпына келтіру	Ошибка! Закладка не определена.
11 тарау. Сақтандырылған тұлға	Ошибка! Закладка не определена.
12 тарау. Пайда алушы	Ошибка! Закладка не определена.
13 тарау. Сақтанушыны ауыстыру	Ошибка! Закладка не определена.
14 тарау. Пайдаға қатысу.....	Ошибка! Закладка не определена.
15 тарау. Сақтандыру және сақтандыруды қорғау шартының қолданыс мерзімі мен орны	Ошибка! Закладка не определена.
16 тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	Ошибка! Закладка не определена.
17 тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері.....	Ошибка! Закладка не определена.
18 тарау. Сақтанушының сақтандыру жағдайы орын алғандағы әрекеті, сақтандыру төлемін жүзеге асыру шарттары.....	Ошибка! Закладка не определена.
19 тарау. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімі	Ошибка! Закладка не определена.
20 тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттар тізімі	Ошибка! Закладка не определена.
21 тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемесі	Ошибка! Закладка не определена.
22 тарау. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату.	Ошибка! Закладка не определена.
23 тарау. Қарыз алу.....	Ошибка! Закладка не определена.
24 тарау. Сақтандыру сомасы және кезеңді сақтандыру жарналары мөлшерін индексациялау.....	Ошибка! Закладка не определена.
25 тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі	Ошибка! Закладка не определена.
26 тарау. Сақтанушының орналасқан жері мен тұрғылықты мекенжайының өзгеруі	Ошибка! Закладка не определена.
4-бөлім. Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиғадан қайтыс болған жағдайда сақтандыру	Ошибка! Закладка не определена.
27 тарау. Сақтандыру жағдайы	Ошибка! Закладка не определена.
28 тарау. Сақтандыру жағдайынан шектеу.....	Ошибка! Закладка не определена.

- 29 тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен мерзімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 30 тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттардың тізімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 31 тарау. Пайда алушы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 5-бөлім. Қайғылы оқиға нәтижесінде Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы жағдайында сақтандыру **Ошибка! Закладка не определена.**
- 32 тарау. Сақтандыру жағдайы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 33 тарау. Сақтандыру жағдайларынан шектеу **Ошибка! Закладка не определена.**
- 34 тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен мерзімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 35 тарау. Сақтандыру жағдайларының орын алуын растайтын құжаттардың тізімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 36 тарау. Пайда алушы **Ошибка! Закладка не определена.**
- Раздел 6. Қайғылы оқиға нәтижесінде Сақтандырылған тұлғаға мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру **Ошибка! Закладка не определена.**
- 37 тарау. Сақтандыру жағдайы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 38 тарау. Сақтандыру жағдайларынан шектеу **Ошибка! Закладка не определена.**
- 39 тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен мерзімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 40 тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттар тізімі. **Ошибка! Закладка не определена.**
- 41 тарау. Пайда алушы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 7-бөлім. Сақтандырылған тұлғаға дене жарақатын әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру **Ошибка! Закладка не определена.**
- 42 тарау. Сақтандыру жағдайы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 43 тарау. Сақтандыру жағдайларынан шектеу және сақтандыруды шектеу **Ошибка! Закладка не определена.**
- 44 тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен мерзімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 45 тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттар тізімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 46 тарау. Пайда алушы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 8-бөлім. Сақтанған тұлғаның уақытша еңбекке жарамсыздығына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру **Ошибка! Закладка не определена.**
- 47 тарау. Сақтандыру жағдайы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 48 тарау. Сақтандыру жағдайларынан шектеу **Ошибка! Закладка не определена.**
- 49 тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен мерзімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 50 тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттар тізімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 51 тарау. Пайда алушы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 9-бөлім. Сақтандырылған тұлғаның ауруханаға жатуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру **Ошибка! Закладка не определена.**
- 52 тарау. Сақтандыру жағдайы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 53 тарау. Сақтандыру жағдайларынан шектеу **Ошибка! Закладка не определена.**
- 54 тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен мерзімі **Ошибка! Закладка не определена.**

- 55 тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттар тізімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 56 тарау. Пайда алушы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 10-бөлім. Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиғадан мүгедек болған жағдайда бастапқы екі жылда сақтандыру, ал сақтандырудың үшінші жылынан бастап – қайғылы оқиға немесе сырқаттану жағдайында **Ошибка! Закладка не определена.**
- 57 тарау. Сақтандыру жағдайы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 58 тарау. Сақтандыру жағдайларынан шектеу **Ошибка! Закладка не определена.**
- 59 тарау. Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеттері және сақтандыру жағдайы орын алғанда тараптардың өзара қарым-қатынасына қатысты басқа да ережелер **Ошибка! Закладка не определена.**
- 60 тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттар тізімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 61 тарау. Сақтандырылған тұлғаның мүгедектіктен оңалуы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 11-бөлім. Сақтандырылған тұлғаның ауыр науқас болуы жағдайында сақтандыру **Ошибка! Закладка не определена.**
- 62 тарау. Сақтандыру жағдайы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 63 тарау. Ауыр науқастар **Ошибка! Закладка не определена.**
- 64 тарау. Сақтандыру жағдайынан шектеу **Ошибка! Закладка не определена.**
- 65 тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен мерзімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 66 тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттар тізімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 67 тарау. Пайда алушы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 12-бөлім. Сақтандырылған тұлғаға дене жарақатына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру (балаға) **Ошибка! Закладка не определена.**
- 68 тарау. Сақтандырылған тұлға **Ошибка! Закладка не определена.**
- 69 тарау. Сақтандыру жағдайы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 70 тарау. Сақтандыру жағдайынан шектеу **Ошибка! Закладка не определена.**
- 71 тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен мерзімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 72 тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттар тізімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 73 тарау. Пайда алушы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 13-бөлім. Сақтандырушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру **Ошибка! Закладка не определена.**
- 74 тарау. Сақтандырылған тұлға **Ошибка! Закладка не определена.**
- 75 тарау. Сақтандыру жағдайы **Ошибка! Закладка не определена.**
- 76 тарау. Сақтандыру жағдайынан шектеу **Ошибка! Закладка не определена.**
- 77 тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттар тізімі **Ошибка! Закладка не определена.**
- 78 тарау. Пайда алушы. **Ошибка! Закладка не определена.**
- 14-бөлім. Қорытынды ережелер **Ошибка! Закладка не определена.**
- 79 тарау. Қосымша шарттар **Ошибка! Закладка не определена.**

Жалпы ережелер

1 -тарау. Қолдану мақсаты мен саласы

1. Осы Пайдаға қатысуымен өмірді аралас Сақтандыру ережелеріне сәйкес («Болашақ» сақтандыру бағдарламасы) (бұдан әрі – Сақтандыру қағидалары) Халық-Life" өмірді сақтандыру бойынша «Қазақстан Халық Банкі Еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы жеке және заңды тұлғалармен пайдаға қатысумен баланың пайдасына өмірді аралас сақтандыру шартын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты, Сақтандыру полисі) /Полис жасайды.

2. Осы Сақтандыру ережелерінің көшірмесі сақтандыру Шартын жасау кезінде клиентке беріледі, Сақтандыру ережелері Сақтандыру полисінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2-тарау. Терминдер мен қысқартулар

3. Осы Сақтандыру ережелерінде мынадай терминдер пайдаланылады және олардың анықтамалары:

1) **Уақытша еңбекке жарамдылықтан айырылу** (уақытша еңбекке жарамсыздық) - адам ағзасының сырқаттану немесе жарақат алу салдарынан болған күйі, бұл жағдайда адам еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіру немесе мүгедектікті белгілеу үшін қажетті уақыт ішінде өзінің кәсіби міндеттемелерін атқара алмайтын болады;

2) **Сатып алу сомасы** – Сақтандыру шартының қолданысы мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтанушы алуға тиісті ақша сомасы.

Осы Сақтандыру ережелерінің шарттарын жүзеге асыру мақсатында сатып алу сомасына қатысты келесі түсініктемелер қолданылуы мүмкін:

- Сатып алу сомасы - сақтандыру шартымен кепілдік берілген сақтандыру сомасы;
- Бонусты сатып алу сомасы – сақтандыру шартымен кепілдік берілмеген сатып алу сомасы.

3) **Пайда алушы** – сақтандыру шартының шарттарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы тұлға;

4) **Сақтандыру жылы** – Полис қол қойылған күннен басталатын (сақтандырудың бірінші жылы) немесе Полиске бір жыл толған соң (сақтандырудың келесі жылдары) басталатын он екі айлық кезең;

5) **Полиске бір жыл толу** – сақтандырып қорғау қолданысы кезеңіне сәйкес келетін полис қол қойылған күн және аймен сәйкес келетін күн, саны және айы;

6) **Сақтандырылған тұлға** – оған қатысты сақтандыру жүргізілетін жеке тұлға;

7) **Максималды рұқсат етілетін қарыз сомасы** – Сақтандырушының Сақтанушыға берген өтелмеген қарыздарын қоспағанда сатып алу сомасы мен бонустық сатып алу сомасынан және осындай қарыздар бойынша сыйақыдан құралған сома;

8) **Қайғылы оқиға** – сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсерлердің Сақтандырылған тұлғаның ағзасына әсер етуінен, оның денсаулығына зиян әкелген, мертігуіне немесе өліміне әкелген, адамның еркінен тыс оқыс, қысқа уақытта орын алған оқиға (жағдай);

9) **Сақтандыру нысаны** – Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруімен, сақтандыру жағдайының салдарынан Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуымен және өмірі мен денсаулығына зиян келуіне байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүліктік мүддесі;

10) **Сақтандыру мүддесі** – Сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) тәуекелдерді болдырмау және сақтандыру жағдайының орын алуына жол бермеудегі мүліктік мүддесі;

11) Мерзімін ұзарту кезеңі – ұзақтығы отыз күнтізбелік күн болатын кезең, оның ішінде Сақтанушы мерзімі кешіктірілген сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті. Мерзімін ұзарту кезеңі сақтандыру жарнасы мерзімі кешіктірілген болып саналатын күннен бастап, яғни сақтанушы кезектегі сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті болатын күннен бастап басталады;

12) Сақтандыру қорғанысының әрекет ету кезеңі – Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жасау бойынша міндеттеме алатын мерзім іші;

13) Сақтанушы - Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;

14) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру төлемін Сақтандыру шарты жасалған тұлғаға (Пайда алушыға)) сақтандыру төлемін төлейтін «Халық-Life» өмірді сақтандыру бойынша «Қазақстан Халық Банкі Еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;

15) Сақтандыру төлемі – Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру жағдайы орын алғанда төлейтін ақша сомасы;

16) Сақтандыру дивиденттері –сақтандыру шарты бойынша бонустық сақтандыру сомасының көлеміне қосымша сақтандыру қорғанысын алу үшін есептелген пайданы бөлу есебінен тиесілі сақтандыру шартында кепілдік берілмеген ақша сомасы;

17) Сақтандыру қорғанысы – сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін жасау бойынша Сақтандырушының міндеттемелерінің жиынтығы;

18) Сақтандыру полисі (Сақтандыру полисі/Полис) – Сақтандырушының Сақтанушыға беретін, онда және осы Сақтандыру ережелерінде көрсетілген шарттарда сақтандыру шартын жасауды растайтын құжат;

Осы қағидалардың шарттарын іске асыру мақсатында сақтандыру полисі мына түрлерге бөлінеді:

- **түпнұсқалы Полис** – Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартын жасағанда берілетін полис;

- **жаңартылған Полис** – Сақтандырушы Сақтанушыға алдында берілген Полис орнына сақтандыру шартына кейбір өзгерістерді және/немесе толықтыруларды енгізгенде берілетін полис;

19) сақтандыру сыйақысы (сақтандыру жарналары) – Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысының сақтандыру төлемін жасау міндеттемесін алғаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру сыйақысын төлеу осы сақтандыру ережелеріне сәйкес бір уақытта немесе кезеңді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеумен жүргізіледі;

20) Сақтандыру жағдайы – орын алуына байланысты сақтандыру шарты талаптарымен қарастырылған тәртіпте сақтандыру төлемін жүзеге асыру қарастырылатын оқиға;

21) Сақтандыру сомасы – сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

Осы Сақтандыру ережелерінің шарттарын жүзеге асыру мақсатында сақтандыру сомасына қатысты келесі түсініктемелер пайдаланылуы мүмкін:

- **Бонустық сақтандыру сомасы** – осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру дивиденттері мөлшеріне байланысты анықталатын сақтандыру шартында кепілдік берілмеген қосымша сақтандыру сомасы;

- **Кемітілген сақтандыру сомасы** –Сақтанушы сақтандыру жарналарын төлеуді мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда немесе осы Сақтандыру ережелері шарттарын ескере отырып (біріншісі кірмейді) сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кешіктірген жағдайда қолданылатын сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру сомасы;

22) Дене жарақаты – Сақтандырылған тұлғаның ағзасына сыртқы механикалық, термикалық, электр немесе химиялық әсердің салдарынан туындайтын ұлпалардың, органдардың немесе тұтастай ағзаның зақымдалуы;

23) Кәсіби түрде спортпен шұғылдану – жаттығу жүктемелері қарастырылатын және бұдан кейін де спорттық жарыстарға қатысуды болжайтын және ол жерде спортшы дайындалғаны және қатысқаны үшін сыйақы алуы қарастырылатын физикалық жаттығулармен байланысты жүйелі түрде белгілі бір спорт түрімен айналысу;

24) Спорттық жарыстар – регламентке ие, қатысу ережелері және басқа да жарысты ұйымдастыру үшін қажетті белгілері бар бірнеше қатысушының (команданың) жарысқа қатысуын қарастыратын ұйымдастырылған іс-шара;

25) Жалған мәліметтер – сақтандыру шартын жасаған күні шындыққа (сақтандыру нысаны туралы шынайы мәліметтерге) сәйкес келмейтін Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға сақтандыру өтінішінде ұсынған сақтандыру нысаны туралы мәліметтер, олар сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының орын алуы ықтималдығына және ықтимал шығындар мөлшеріне әсер етуі мүмкін, осыған сәйкес Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы;

26) Кәмелет жасына толмаған баланың заңды өкілдері – ата-анасы (біреуі), асырап алушылар, қамқоршы немесе қамқорына алушы, асырап алған ата-анасы (біреуі), патронатты тәрбиелеуші және басқа да оларды білетін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамқорлықты, білім беруді, тәрбиелеуді, баланың құқықтары мен мүддесін қорғауды жүзеге асыратын тұлғалар;

27) Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтандырылған тұлғаның қауіпті (экстремальды) әрекеттері деп мыналар қабылданады:

- Тауға шығумен байланысты туризм (альпинизм);
- Парашюттен секіру;
- «пружиналы ходульдарда» - джамперлерде жүгіру және секіру;
- Вейкбордта, маунтинбордингте жүру, сырғанау (скейтбординг түрлері, тақтайшада дөңгелектері ұлғайтылған, табиғи ландшафт бойынша сырғанау);
- Матадан жасалған арнайы қанат костюммен ұшу (Вингсьютинг);
- Парусты тақтайшаларда слалом, жарыстар, сырғанау;
- Арнайы велосипедтерде түрлі трюктерді немесе кросты орындау (Bicycle Moto Cross (BMX));
- Аквалангпен су астына түсу;
- Дельтопланда, мотодельтапланда және оның басқа да түрлерінде ұшу;
- Биіктен мөлдір шар (зорб) арқылы түсу;
- спортшының тіркеуге алатын ауа жылан (кайт) арқылы ұстайтын және басқаратын Тартылыс күші әсерімен су бетінде қозғалуы;
- жүзетін құралдарының көмегінен өзен коньондарынан өтуі;
- ұзын тақтайша арқылы асфальтталған беткей бойынша түсу (скейтке қарағанда барынша жылдам және бірқалыпты сырғанау үшін);
- арнайы велосипедте (Маунтинбайк) таудан түсу;
- парапланда, мотопарапланда және оның түрлерінде ұшулар;
- Pogo stick («Шегіртке») секіру, сонымен қатар пого-стик ретінде – секіруге арналған пружина, тұтқа, педаль және негізгі платформадан құралған құрылғы;

- Үрлемелі қайықта табиғи және (немесе) жасанды кедергілерден өтумен таулы өзендер бойынша ағызу;
- Биік нысандардан арнайы сақтандыру арқандары арқылы секіру (Роуп-джампинг, банджи-джампинг, «тарзанка»);
- Қиын қол жетімді және қауіпті шатыр және биік ғимараттардың сүмбісіне сақтандырусыз шығу;
- Сёрфингке арналған тақтайшаларды немесе қысқа ласталарды және арнайы қолғаптарды қолданумен толқында сырғанау;
- Адамның стандартты емес снарядтармен күш жұмсайтын жаттығуларды орындауы, мысалы, автомобильді көтеру (күш жұмсайтын экстрим);
- Жасанды немесе табиғи рельеф бойынша өрмелеу (Скалолазание);
- Скниртбордта (роликті тақтайша) трюктер жасау;
- Арнайы шаңғымен, арнайы сноуборд снарядында қар басқан шыңдардан түсу, сырғанау;
- Қар жабынында немесе мұзда шаңғыдағы, сноубордтағы немесе конькидағы ұсталатын кайт көмегімен сырғанау;
- Құмда сноубордпен жүру. Құм карьерлерінде немесе шөлейтті бархандарда жүзеге асырылады;
- Үңгірлерде жүрумен байланысты туризм (Спелеология);
- Мотоцикл жүргізіп отырып трюктер жасау;
- Велосипедте, мотоциклда немесе жүк машинасын жүргізіп отырып кедергілерді жеңумен байланысты спорттық іс-шараларға қатысу (Триал);
- Арнайы снарядта асфальтталған беткейлерден түсу (фриборде);
- Трюктерді жасай отырып роликті конькилермен сырғанау (Роллерблейдинг);
- Арнайы дайындалмаған трассалардан тыс табиғи шатқалдар мен таулардан түсу, сырғанау (Фрирайд: тау шаңғысы және сноуборд, вело фрирайд);
- Күрес – онда екі қатысушы аяқаста кімнің жеңімпаз екенін анықтау мақсатында бір-бірімен күш сынасатын, тек физикалық күшті ғана пайдаланатын немесе әртүрлі спорттық құралдарды және/немесе қолға ұстайтын суық қаруды қолдана отырып орындайтын спорттық жарыс түрі;
 - аңшылық;
 - атқа міну және кез келген жануарға міну;
 - әуе шарында, аэростат, планерде және оның әртүрлі түрлерінде ұшу;
 - авто- мото- және авиа түрлерімен спорттық жарыстың барлық түрі;
 - кез келген спорттық жарыстарға қатысу;
 - сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген әрекеттер мен спорттық жарыстардың басқа да көпетеген түрлері.

4. Қысқарту:

- 1) Компания – «Халық-Life» өмірді сақтандыру бойынша «Қазақстан Халық Банкі Еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;
- 2) Полис – сақтандыру полисі;
- 3) Сақтандыру ережелері – Пайдаға қатысумен өмірді аралас Сақтандыру ережелері («Болашак-Life» сақтандыру бағдарламасы);
- 4) ДКК – Дәрігерлік кеңес беру комиссиясы.

2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшеліктері

3 -тарау. Осы сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалатын сақтандыру шартының және қосымша шарттардың ерекшеліктері

5. Осы Сақтандыру ережелерінің 3-бөлімінде көрсетілген шарттар пайдаға қатысумен жинақты өмірді сақтандыруға қатысты қолданылады. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартына Осы Сақтандыру ережелерінің 3-бөлімінде берілген шарттарға қосымша сақтандыру шартының қосымша шарттары енгізілуі мүмкін.

6. Сақтандыру шартының қосымша шарттары тек егер Полисте сақтандыру шартына сонымен қатар қосымша сақтандырулар кіреді деп тікелей түрде қарастырылған жағдайларда ғана әрекет ететін болады.

7. Сақтандырудың қосымша шарттарына мыналар кіреді:

1) Осы Сақтандыру ережелерінің 4-бөлімінде көрсетілген қайғылы оқиға немесе сырқаттану (бұдан әрі – Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы жағдайында сақтандыру) салдарынан Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда сақтандыру;

2) Осы Сақтандыру ережелерінің 5-бөлімінде көрсетілген қайғылы оқиға немесе сырқаттану (бұдан әрі – Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы жағдайында сақтандыру) салдарынан Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда сақтандыру;

3) Осы Сақтандыру ережелерінің 6-бөлімінде көрсетілген қайғылы оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаға бірінші немесе екінші топ мүгедектігі берілген (бұдан әрі Сақтандырылған тұлғаға қайғылы оқиға салдарынан мүгедектік берілген жағдайда сақтандыру) жағдайда сақтандыру;

4) Осы Сақтандыру ережелерінің 7-бөлімінде көрсетілген қайғылы оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайда сақтандыру;

5) Осы Сақтандыру ережелерінің 8-бөлімінде көрсетілген қайғылы оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға уақытша еңбекке жарамсыз болған жағдайда сақтандыру;

6) Осы Сақтандыру ережелерінің 9-бөлімінде көрсетілген Сақтандырылған тұлға ауруханаға түсу жағдайында сақтандыру;

7) Сақтандырылған тұлғаға сақтандыру шарты қолданыста болған бастапқы екі жыл ішінде қайғылы оқиға нәтижесінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті, сақтандырудың үшінші жылынан бастап – осы Қағидалардың 10-бөлімінде көрсетілген сырқаттану немесе қайғылы оқиға салдарынан бірінші немесе екінші топ мүгедектегі белгілеген жағдайда (бұдан әрі – Сақтандырылған тұлғаға сырқаттану немесе қайғылы оқиға жағдайы нәтижесінде мүгедек болған жағдайда сақтандыру).

8) Осы Сақтандыру ережелерінің 11-бөлімінде көрсетілген Сақтандырылған тұлға ауыр науқас болуына бірінші диагноз қою жағдайында сақтандыру;

9) Сақтандырылған тұлға (бала) Сақтандыру ережесінің 12-бөлімінде көрсетілген дене жарақатын алған жағдайда сақтандыру;

10) Осы Сақтандыру ережесінің 13-бөлімінде көрсетілген сырқаттану немесе қайғылы оқиға нәтижесінде (бұдан әрі – Сақтанушы қайтыс болған жағдайда) сақтандырудың үшінші жылынан бастап қайғылы оқиғадан сақтандыру шартының қолданыста болған алғашқы екі жылы ішінде Сақтанушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру,

8. Сақтандыру шартының қосыма шарттарын Сақтану (Сақтандырылған тұлға) бірге, сондай-ақ әрқайсы жеке таңдалуы мүмкін.

9. Осы Қағидалардың 3-бөлімінде көрсетілген ережелер осы Сақтандыру ережелерінің 4-13 бөлімінде көрсетілген осы Сақтандыру шартының қосымша шарттарына қолданылады, оларға соңғысында басқасы тікелей қарастырылған жағдай кірмейді.

10. Сақтандыру шартына қосымша шарттарды енгізу үшін Сақтанушысы ол туралы Сақтандырушыға сақтандыру өтінішінде Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша көрсетуге міндетті. Сақтандырушы сақтандыру шартына қосымша шартты қосуға келіскенде Сақтандырушы Сақтанушыға Полисті онда тиісті мәліметтерді осы Сақтандыру ережелерінде көрсетілген тәртіпте көрсете отырып береді.

11. Сақтандыру шартын жасағаннан кейін сақтандыру шартына қосымша шарттарды қосу үшін Сақтанушы ол туралы Сақтандырушыға сақтандырудың жекелеген (қосымша) сақтандыру өтінішінде Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша көрсетуге міндетті. Сақтандырушы шартқа қосымша шарттарды қосуға келіскен жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға Жаңартылған Полисті алдын берілгеннің орнына онда тиісті мәліметтерді көрсете отырып береді. Осы тармақтың шарттары Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда, Сақтандырылған тұлға ауыр науқас болған жағдайда, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда сақтандыруға, Сақтандырылған тұлғаға сырқаттану немесе қайғылы оқиға салдарынан мүгедектік белгілеген жағдайда сақтандыруға қатысты қосымша шарттарға қатысты болмайды.

12. Кез келген жағдайда осы Сақтандыру ережелерінде көрсетілген шарттар пайдаға қатысумен өмірді аралас сақтандыру бойынша сақтандыру шарты талаптарына қатысты қосымша болып табылады (осы Сақтандыру ережелерінің 3-бөлімі) және сақтандыру шартына соңғы көрсетілген шарттарды ескермей қосыла алмайды.

13. Қосымша шарттар Полисте көрсетілген мерзім ішінде әрекет етеді, Сақтанушы толық көлемде сақтандыру сыйақысын төлеу шартында (сақтандыру жарналарын) сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде әрекет етеді.

14. Сақтандыру шартының қосымша шарттарының әрекеті мына сәттен бастап тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру шартының әрекеті аяқталған жағдайда;
- 2) Осы Сақтандыру ережелерінің 9 -тарауы 44-тармағы, осы Сақтандыру ережелерінің 8 -тарауы 37-тармағында көрсетілген;
- 3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру шартының қосымша шарттарын алып тастау туралы өтінішті беруі;
- 4) 13-бөлімде қарастырылған шарттарды қоспағанда Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда;
- 5) Сақтандырылған тұлғаның 70 жасқа толуы (қолданысы Сақтандырылған тұлға 65 жасқа толғаннан кейін тоқтатылатын осы Сақтандыру ережелерінің 11-бөлімінде көрсетілген қосымша шарттарды қоспағанда);
- 6) Сақтандыру ережелерінің 3-бөлімінде белгіленген пайдаға қатысумен жинақ өмірді сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының шарттары бойынша бірінші орын алған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру.

15. Қосымша шарттардың қолданысы тоқтатылған жағдайда осындай сақтандыруға қатысты сатып алу сомасын төлеу шарттары жүргізілмейді.

3-бөлім. Пайданың қатысуымен өмірді жинақты сақтандыру

4 -тарау. Сақтандыру шартының мәні

16. Сақтанушы сақтандыру жарналарын (сақтандыру сыйақысын) сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте және мерзімде төлеуге міндетті.

17. Сақтанушы сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру төлемін сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге міндетті.

5 -тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі

18. Сақтандыру шарты жазбаша үлгіде Сақтандырушыны Сақтандырушының бір жақты тәртіпте әзірлеген (қосылу шарты) типтік шарттарға (осы Сақтандыру ережелеріне) қосылуы арқылы және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы жасалады. Сонымен қатар, берілетін Полиске Сақтандыру ережелерінің көшірмелері қоса беріледі.

19. Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтандыру шартын жасауды қалаған тұлға (Сақтанушы) Сақтандыру қағидалрымен танысуға және Сақтандырушыға сақтандыруға өтінішті Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша беруге міндетті.

20. Сақтандыру шартын жасауды қалаған тұлға (Сақтанушы) сақтандыру өтінішінде (сақтандыру шартымен байланысты, Сақтандырушының жазбаша сұратуына сәйкес тиісті құжатта) сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығын анықтау үшін айтарлықтай мәнге ие өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

21. Маңызды деп барлық жағдайда сақтандыру тәуекелін бағалағанда сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығына және ықтимал шығындардың мөлшеріне әсер етуі мүмкін, осы Сақтандыру ережелерінде белгілі бір түрде келісілген, сақтандыру өтінішінде немесе Сақтанушыға шартты жасаған кезеңде бағытталған Сақтандырушының жазбаша сұратуында көрсетілген жағдаяттар танылады.

22. Егер Сақтандыру шартын жасағаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға осы - тараудың 21-тармағында көрсетілген жағдаяттар туралы алдын ала белгілі жалған мәліметтерді хабарлағаны белгіленген болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған салдарын қолдануын талап етуге құқылы. Сақтандырушы егер Сақтанушы айтпаған жағдаяттар өіп кеткен болса шартты жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

23. Сақтандыруға өтінішті алу Сақтандырушыны Сақтандыру шартын жасауға міндеттемейді. Сақтандырушының сақтандыру шартын жасауға келісімі Сақтанушыға сақтандыру шарттары көрсетілген Полисті беруімен расталатын болады.

24. Сақтандыруға жатпайды: психоневрологиялық диспансерде есепте тұратын тұлғалар; қылмыс жасағаны үшін түзету-еңбек ету мекемелерінде жазасын өтеп жүрген тұлғаларға; мүгедектер, оларға тәуекелді жекелеген бағалау барысында андеррайтерлер қабылдаған тұлғаларды қосылмайды; Сақтандырушының андеррайтерлері алып тастаған тұлғалар. Аталған тұлғаларға қатысты жасалған Сақтандыру шарты осындай сақтандыру шартын жасаған сәттен бастап жарамсыз болы табылады, ал төленген сақтандыру сыйақылары (жарналары) Сақтанушы Сақтандырушыға келтірілген шығындарды шегере отырып қайтарылуы тиіс.

25. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыруға берілген өтініш және осы Сақтандыру ережелерінде белгілі түрде келісілген басқа да құжаттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

26. Егер сақтандыру шарты Сақтандырушының қандайда бір сұрақтарына Сақтанушының жауаптарысыз жасалған болса, Сақтандырушы кейін шартты бұзуды немесе оны Сақтанушының тиісті жағдаяттарды хабарламауы салдарын негізге ала отырып оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

27. Сақтандырушы шартында көрсетілуі тиіс шарттардың толық болмағаны үшін жауапкершілікті сақтандырушы көтереді. Сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген шарттарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда дау Сақтанушының пайдасына қарай шешіледі.

6-тарау. Сақтандыру жағдайы

28. Сақтандыруы жағдайы болып Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру қорғанысы әрекет ететін кезеңде орын алған қайтыс болуы табылады;

29. Сақтандыруы жағдайы болып Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі табылады.

7-тарау. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі

30. Сақтандыру сомаларының мөлшері Полисте көрсетіледі.

8 -тарау. Сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу мөлшері, тәртібі мен мерзімі

31. Сақтандыру сыйақысын сақтандыру шарты бойынша төлеуді Сақтанушы кезеңді (жылдық, жарты жылдық, тоқсандық, айлық) сақтандыру жарналары түрінде бір уақытта немесе бөліп төлеумен жүргізеді.

32. Сақтандыру жараналары (сақтандыру сыйақысы) қолма-қолсыз төлеммен (аударыммен) Сақтандырушының банктік шотына төленуі мүмкін.

33. Төлеу кезеңділігі дәне осыған сәйкес сақтандыру жарналарының өлшемі Полисте көрсетіледі.

34. Айлық кезеңдердің басы түпнұсқа Полиске қол қойған күнмен сәйкес келетін күндерге тура келеді. Егер ағымдағы күнтізбелік айда түпнұсқа Полиске қол қою болмаған болса, онда айлық кезеңнің басталуы осы айдың жақын кезектегі күндерінің біріне тура келетін болады.

35. Тоқсандық кезеңдердің басталуы әрбір сақтандыру жылындағы бірінші, төртінші, жетінші және оныншы айлық кезеңдердің басына сәйкес келетін болады. Жарты жылдық кезеңдердің басталуы әрбір сақтандыру жылындағы бірінші және жетінші айлық кезеңдердің басына сәйкес келетін болады.

36. Әрбірсақтандыру жарнасын Сақтанушы осындай сақтандыру жарнасы сәйкес келетін кезең басталғанға дейін төлеуге міндетті. Кері жағдайда сақтандыру жарнасының мерзімі кешіктірілген болып саналады.

37. Сақтанушы сақтандырудың үшінші жылынан бастап егер Сақтанушының кез келген берешегін алып тастағанда сатып алу сомасының мөлшері өтінішті берген күні 45 000 (қырық бес мың) теңгеден кем болмайтын болса, кейінгі сақтандыру жарнасын төлеу бойынша міндеттемелерден босату туралы шарттар берілген сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы өтінішті берген жағдайда кейінгі сақтандыру жарналарын төлеуді тоқтатуға құқылы. Өзгерістер осы Қағидалардың 25 -тарауы 137-тармағында қарастырылған тәртіпте күшіне енетін болады.

38. Сақтандырушының есеп шотына сақтандыру жарнасын төлеу және аударуды жүзее асырумен байланысты шығындар мен тәуекелдерді Сақтанушы өзіне алатын болады.

39. Сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарнасын) уақтылы төлемеген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыдан төлемді әрбір кешіктерген күн үшін мерзімінде төленбеген сомадан Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айбыын төлеуді талап етуге құқылы.

9-тарау. Сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кешіктіру

40. Сақтандыру жарнасын алған Сақтандырушы (біріншісін қоспағанда) сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтанушыға сақтандыру жарнасын төлеу қажеттілігі туралы хабарлауға міндетті.

41. Хабарламада болуы керек:

1) Сақтандыру жарнасын төлеу қажет кезең (сақтандыру жарнасын төлем мерзімін ұзартқан кезең);

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кешіктіргені үшін өсімақы мөлшері;

3) Сақтандырушының осы -тараудың 44-тармағы 1) тармақшасы шарттарына сәйкес сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кейінге қалдыру кезеңі ішінде сақтандыру жарнасын төлемеген жағдайда сақтандыру шартының қолданысын бір жақты тәртіпте тоқтату құқығы туралы ақпарат.

42. Сақтандыру жарнасын төлеу қажеттілігі туралы хабарлама Сақтанушыға хабарламаны жөнелтуді растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі.

43. Сақтандыру жарнасы мерзімін кейінге қалдыру кезеңінде сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша міндеттеме алады, бұл ретте Сақтандырушы одан мерзімі кешіктірілген сақтандыру жарнасы мөлшерін және сақтандыру жарнасын кешіктіргені үшін өсімақыны ұстап қалуға құқылы.

44. Сақтанушы сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі кешіктірілген болып саналған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде (сақтандыру жарнасының мерзімі кешіктірілген кезеңде) сақтандыру жарнасын (біріншісін қоспағанда) төлемеген жағдайда сақтандыру шарты:

1) егер мерзімін кешіктіру күнінде сатып алу сомасының мөлшері Сақтанушының кез келген берешегін қоспағанда 45 000 (қырық бес мың) теңгеден кем болса, мерзімінен бұрын тоқтатылады;

2) егер мерзімін ұзарту кезеңі аяқталған күні егер болған болса сатып алу сомасының мөлшері Сақтанушының кез келген берешегін шегергенде 45 000 (қырық бес мың) теңгеден кем болатын болса Сақтандыру сомасын кеміте отырып әрекет етуін автоматты түрде жалғастыра береді

45. Кеітілген сақтандыру сомасының мөлшері Полисте сақтандырудың әрбір жылы аяқталған күндегі жағдай бойынша аталған күні барлық сақтандыру жарналары толық төленуін ескере отырып көрсетілетін болады.

46. Осы Тармақтың 44-тармағы 2-тармақшасы шарттары бойынша соңғы сақтандыру жарнасын төлеген күні кемітілген сақтандыру сомасының мөлшері Полисте соңғы сақтандыру жарансы төленген сақтандыру жылының соңына көрсетілген кемітілген сақтандыру сомасының мөлшеріне қарай, нақты төленген кезеңді сақтандыру жарналарын ескере отырып есептелетін болады.

47. Осы -тараудың 44-тармағы 2-тармақшасында қарастырылған жағдаяттарда, Сақтанушы кейінгі сақтандыру жарналарын төлеу бойынша міндеттемелерінен босатылатын болады.

48. Сақтандыру шартының (болған жағдайда) қосымша шарттарының әрекеттері осы -тараудың 44-тармағы 2) тармақшасында белгіленген жағдайда тоқтатылады.

10 -тарау. Сақтандыру шартының қолданысын қалпына келтіру

49. Егер сақтандыру шартының әрекеті Сақтанушы сақтандыру жарнасын төлемеуі негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылған болса, Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданысын Сақтанушыдан сақтандыру шартын қалыпна келтіруге өтінішті алғанда және Сақтанушы төмендегілерді төлеген жағдайда қалпына келтіруге міндетті:

1) Мерзімі кешіктірілген сақтандыру жарналарын;

2) Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған мөлшерде сақтандыру жарналарын төлеу мерзімін кешіктіргені үшін өсімақы.

50. Сақтанушы сақтанушы шартының қолданысын сақтандыру шартының қолданысы тоқтатылған күннен бастап бір жыл ішінде қалпына келтіруге құқылы.

51. егер осындай шарттың қолданысы мерзімінен бұрын тоқтатылған болса және Сақтанудырушы сатып алу сомасын төлеген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданысын қалпына келтіруден бас тартуға құқылы.

52. Сақтанушы сақтандыру шартын қалпына келтірген жағдайда денсаулықтың жай-күйі туралы декларацияны сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын Сақтандырушының үлгісі бойынша толтыруға міндетті.

53. Егер Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Сақтанушының денсаулығының жай-күйі туралы құжаттар бойынша Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Сақтанушының денсаулығы шартты жасаған кездегі берілген мәліметтермен салыстырғанда нашарлаған болса, Сақтандырушы сақтандыру сомасының және/немесе сақтандыру сыйақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшерін қайта есептеуге құқылы. Сақтанушы сақтандыру шартының әрекетін жаңа шарттар бойынша қалпына келтіруден бас тартқан жағдайда, сақтандыру шарты қалпына келтірілмейді.

54. Сақтанушы декларацияда денсаулығының жай-күйі туралы оған белгілі, сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығын анықтау үшін маңызды мәнге ие барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті. Егер сақтандыру шартын қалпына келтіргеннен кейін сақтанушы Сақтандырушыға осы тармақта көрсетілген жағдаяттар туралы алдына ала біле отырып жалған мәліметтер берген болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануға және Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған салдарды қолдануды талап етуге құқылы.

55. Сақтандыру шартының қолданысын қалпына келтіргенге, осы Полистің тоқтау күні алдындағы күні әрекет ететін Полистің шарттарында, осындай қалпына келтіруді Сақтандырушы Сақтанушыға хабарламаны, онда қалпына келтірілген күнді көрсете отырып жіберуі арқылы растайды.

56. Сақтандыру қорғанысының қолданысы тоқтатылған сақтандыру шартының әрекет етуі қалпына келтірілгенде Сақтандырушының хабарламасында көрсетілген қалпына келтіру күнінен бастап басталады және сақтандыру шарты тоқтатылған уақыт кезеңіне қатысты болмайды.

57. Кемітілген сақтандыру сомасымен сақтандыру шартына өту күні алдындағы күні қолданыста болған Полистің шарттарында кемітілген сақтандыру сомасымен (Сақтандыру ережелерінің 9-тарауы 44-тармағы 2-тармақшасы) сақтандыру шартының әрекетін қалпына келтіргенде сақтандыру қорғанысының қолданысы Сақтандырушының хабарламасында көрсетілген қалпына келтіру күнінен бастап басталады және алпына келтірілген күн алдындағы уақыт кезеңіне қатысты болмайды.

11 -тарау. Сақтандырылған тұлға

58. Егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға (егер Сақтандырылған тұлға он төрт жасқа толмаған кәмелет жасына толмаған тұлға болса, заңды өкілі) болмаса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін беруге міндетті.

59. Сақтандыру шартында аталған Сақтандырылған тұлға басқа тұлғамен сақтандыру мерзімінің соңына дейін алмастырылмаса.

12 -тарау. Пайда алушы

60. Пайда алушы сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезеңде орын алған Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырылған тұлғаның келісімі бойынша, егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса, Сақтанушы сақтандыру өтінішінде Сақтанушы болып тағайындалады.

61. Пайда алушы осы Тараудың 60-тармағы шарттары бойынша мыналар бола алады: Сақтандырылған тұлғаның ұлы (қызы), немересі, жиені, ағасы-әпкесі немесе Сақтандырылған тұлғаның Полиске қол қойған күні 15 (он бес) жасқа толмағана баласы, бағуындағы, қарауындағы баласы (бұдан әрі - бала).

62. «Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру мерімінің соңына дейін өмір сүруі» сақтандыру жағдайы бойынша Пайда алушы Сақтанушы болып табылады.

63. Сақтанушы сақтандыру жағдайы орын алғанға дейін Сақтандырылған тұлға емес - тараудың 58-тармағында көрсетілген Пайда алушыны Сақтандырушы келіскен жағдайда басқа тұлғаға ауыстыруға құқылы. Пайда алушыны ауыстыру Сақтанушының өтінішінде көрсетілген күннен бастап, Сақтандырушы Сақтанушының мекенжайына ауыстыруға келісім туралы хатты жібергеннен кейін жарамды болады.

64. Пайда алушы ол Сақтанушымен жасалған келісімнен немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты қоюына байланысты туындайтын сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттемелерді орындағаннан кейін басқа тұлғамен алмастырыла алмайды.

65. Сақтандырылған тұлға емес Пайда алушы қайтыс болған жағдайда немесе ол өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда Пайда алушының құқықтары Сақтанушыға өтеді, ал егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болса – Сақтанушының мұрагерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте өтетін болады.

66. Егер Пайда алушы және Сақтандырылған тұлға бір уақытта (бір күнде) қайтыс болатын болса, онда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі Пайда алушы Сақтандырылған тұлғадан бұрын қайтыс болған жағдайдағыдай орындалатын болады (осы -тараудың 65-тармағы).

13-тарау. Сақтанушыны ауыстыру

67. Сақтанушы сақтандыру шартында анықталған барлық құқықтар мен міндеттерді соңғысының, Сақтандырылған тұлғаның және Сақтандырушының келісімімен басқа тұлғаға беруге құқылы. Осындай құқықтар мен міндеттерді беру үшін Сақтандырушыға Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға және Сақтанушының құқықтық мұрагері (сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының құқықтары міндеттерін қабылдайтын тұлға) қол қойған Сақтанушыны өзгертуге өтініш беру қажет. Сақтанушыны өзгерту осы Сақтандыру ережелері шарттарына сәйкес сақтандыру шартына енгізілетін тиісті өзгерістер және толықтырулар күшіне енген күннен бастап жарамды болады.

68. Сақтандырылған тұлға емес Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, сақтандыру шартында белгіленетін құқықтар мен міндеттер Сақтандырылған тұлғаға оның келісімімен өтетін болады. Сақтандырылған тұлға сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындай алмаған жағдайда оның құқықтары мен міндеттері заңнамалық актілерге сәйкес оның құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау бойынша міндеттемелерді жүзеге асыратын тұлғаларға өтуі мүмкін.

69. Сақтандырылған тұлға (заңнамалық актілерге сәйкес оның құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау бойынша міндеттемелерді жүзеге асыратын тұлға) сақтандыру шарты бойынша құқықтар мен міндеттерді қабылдаудан бас тартқан жағдайда Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша құқықтық мұрагері Сақтанушы алдын ала Сақтандырушыға жазбаша хабарламада көрсеткен тұлға болып табылады, ал осындай хабарлама болмаған жағдайда – Сақтанушының мұрагерлері заңнамада қарастырылған тәртіпте тағайындалады.

14 -тарау. Пайдаға қатысу

70. Жыл сайын Сақтандырушы Сақтанушылардың пайдаға қатысуын қарастыратын сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру дивиденттері түрінде бөлінуге тиіс Сақтандырушының (егер болса) қызметі нәтижесінде пайда бойынша соманы белгілейді. Пайданы бөлу шарттары, тәртібі мен мерзімі, Сақтандырушының сыйақыны ұстау мөлшері мен тәртібі (қажет болған жағдайда) осы Қағидаларға сәйкес Сақтандырушының Директорлар кеңесі

бекіткен Ішкі ережелері арқылы белгіленеді. Сақтанушылар арасында бөлінетін Сақтандырушының пайдасының мөлшері туралы шешімді Сақтандырушының Директорлар кеңесі қабылдайды.

71. Сақтандырушы пайда бөлігін сақтандыру шартына сақтандыру дивиденттері осы сақтандыру шартын пайданы қалыптастыруға салымын ескере отырып, Сақтанушының төлеген сақтандыру сыйақысына (төленген сыйақы жарналары) пропорционалды түрінде бөледі.

72. Сақтанушының Сақтандырушының пайдасына қатысуын қарастыратын осы сақтандыру шарты бойынша пайда инвестициялық табыстылықтың нақты мөлшерлемесі және Сақтандырушымен осы сақтандыру түрі бойынша жасалған шарт бойынша сақтандыру сыйақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшерін есептегенде қарастырылған мөлшерлеме арасындағы оң айырмашылық есебінен қадыптасады.

73. Сақтандыру дивиденттері сақтандыру шартына бір жыл толғанда, егер шартқа бір жыл толғанға дейін төленуі тиіс барлық сақтандыру сыйақылары (жарналары) толық төленген болса ғана төленеді.

74. егер Директорлар кеңесі бекіткен Сақтандырушының ішкі Ережелерінде басқасы белгіленбеген болса Сақтандыру дивиденттерін аудару, сақтандырудың 3 (үшінші) жылынан бастап жыл сайын жүзеге асырылады.

75. Кемітілген сақтандыру сомасымен әрекет ететін (осы Қағидалардың 9-тарауы 44-тармағы 2-тармақшасы) Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру дивиденттері кемітілген сақтандыру сомасын ескере отырып аударылады. Кемітілген сақтандыру сомасымен әрекет ететін сақтандыру шарттарын (осы Қағидалардың 8 -тарауы 37-тармағы, 9-тарауы 44-тармағы 2) тармақшасы) және мерзімінен бұрын тоқтатылған сақтандыру шарттары қалпына келтірілген жағдайда сақтандыру дивиденттерін аудару немесе олардың мерзімі кешіктірілген кезең үшін болмауы және сақтандыру жарналарын төлемеу қайта қарауға (өзгертуге) келмейді.

76. Сақтандыру дивиденттері Сақтандырылған тұлғаның мүгедектікке ұшырауына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру шарттарына сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуден босатылу мерзімі ішінде аударылмайды. Сақтандыру мерзімі аяқталғаннан кейін сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы және мүгедектік белгіленген кезеңді қоспағанда, сақтандыру кезеңі үшін аударылған бонустық сақтандыру сомасының мөлшері төленеді.

77. Сақтандыру шарты бойынша аударылған сақтандыру дивиденттері бонусты сақтандыру сомасы көлеміне қосымша сақтандыру қорғанысын алу үшін пайдаланылады.

78. Сақтандыру шартын кез келген себеп бойынша бұзған жағдайда төленуге тиісті сақтандыру сомасының мөлшері сатып алатын сомаға және Бонустық сатып алу сомасына (егер ол болған жағдайда) тең.

79. Бонусты сақтандыру сомасы сақтандыру жағдайларында осы Сақтандыру ережелерінің 3-бөлімінде көрсетілген пайдаға қатысумен жинақты өмірді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайларында төленуі тиіс.

80. Сақтандырушы Сақтандырушының Директорлар кеңесі Сақтанушылар арасында бөлінетін Сақтандырушының пайдасының мөлшері туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, сонымен қатар Сақтанушының сұратуы бойынша кез келген сұратылған күні сақтанушыға мына ақпараттарды береді:

- 1) Сақтанушыға аударылған сақтандыру ұйымының пайдасы сомасы туралы;
- 2) Жинақ сақтандыру сомасы туралы;
- 3) Есептік кезеңде пайданы аудармау себебі туралы (егер болса).

81. Хабарлама жазбаша түрде ресімделеді және Сақтанушыға пошталық байланыспен, электронды поштамен немесе басқа да байланыс түрлерімен жіберіледі.

82. Сақтандырушымен жасалған қарыз шартына сәйкес Сақтанушы қарызды алған кезде Бонустық сақтандыру сомасын аудару сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан және Сақтанушы қарыз сомасын уақтылы өтеу және сақтандыру сыйақысын төлеу шартында жүргізілетін болады.

15 -тарау. Сақтандыру шартының және сақтандыру қорғанысының қолданыс мерзімі мен орны

83. Сақтандыру шарты Полисте белгіленген қол қою күнінен бастап, бірақ сақтандыру сыйақысын /бірінші сақтандыру жарнасын толық көлемде төлеуден ерте емес күшіне енеді.

84. Егер Полиске қол қойылған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде бірінші сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйақысы) төленбесе немесе толықтай төленбеген болса, Сақтандырушы сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы және ол күшіне енбеген болып саналады. Осы негіздеме бойынша сақтандыру шартын жасаудан бас тартқан жағдайда Сақтандырушы ол туралы Сақтанушыға хабарлауға және Сақтанушыға толықтай төленбеген бірінші сақтандыру жарнасын (немесе сақтандыру сыйақысын), егер осында төлем жасалмаған болса, Сақтанушы төлеген сома мөлшерінде қайтарып беруге міндетті.

85. Сақтандыру шарты егер Сақтанушының сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеу шартында Полисте көрсетілген мерзім ішінде (сақтандыру мерзімі) әрекет етеді.

86. Сақтандыру қорғанысы қолданысының кезеңі сақтандыру шартының әрекет ету мерзімімен сәйкес келеді.

87. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде әрекет етеді.

16 -тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

88. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 2) Сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауды талап етуге;
- 3) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін түсіндіруді талап етуге;
- 4) Сақтандыру шартында қарастырылған жағдайларда сақтандыру сыйақысын алуға;
- 5) Полис телқұжатын егер оны жоғалтып алғанда алуға, бұл ретте Полистің дубликатының нөмірі жоғалған Сақтандыру полисінің нөмірімен бірдей болуы керек.

89. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;
- 2) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелі жағдайы туралы ақпарат беруге;
- 3) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы дереу, бірақ кез келген жағдайда сақтандыру жағдайы орын алған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлауға. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) орынды себептер бойынша Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде хабарлау мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол уақтылы хабарламау себебі туралы жазбаша түсініктеме беруге және егер болса оларды растайтын құжаттарды беруге міндетті. Бұл ретте, Сақтандырушыға Сақтанушының сақтандыру жағдайы туралы хабарламаған немесе уақтылы хабарламауы Сақтанушының ырқына келмейтін себептер бойынша болса және осы деректі растайтын тиісті құжаттар берілген болса, онда бұл жағдайда хабарламау немесе уақтылы

хабарламау Сақтандырушының сақтандыру төлемді жүзеге асыруынан бас тарту үшін негіздеме бола алмайды.

Хабарламау немесе уақтылы хабарламаудың орынды себебі Сақтанушының ырқынан тыс жағдаяттар болып табылады, атап айтсақ: тежеусіз күштер жағдаяты, яғни осы жағдай бойынша төтенше және алдын алу мүмкін емес (форс-мажор) жағдайлары, соларға кіретін, бірақ шектелмейтіндері: апаттық құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б.;

4) егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса, Сақтандырушыға Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін беруге;

5) осы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру.

90. Сақтандырушы құқылы:

1) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;

2) Сақтанушыдан міндеттемелерді сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауды талап етуге.

3) Сақтандыру жағдайының орын алу жағдаяттары мен себептерін тексеруге;

4) Кез келген уақытта Сақтандырылған тұлғаның денсаулығы мен уәкілетті мемлекеттік органдарың куәландыру нәтижелері туралы анықтаманы талап етуге;

5) Жылына бір реттен жиі емес Сақтандырушының есебінен (егер Сақтандырылған тұлға Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұратын болса, көлік шығындары қосылмайды) Сақтандырылатын тұлғаға Сақтандырушы тағайындаған дәрігерлер, сонымен қатар мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген мүгедектік тобын тексеру үшін қосымша медициналық тексерулер өткізіп отырады;

6) Медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссия қызметкерлерінің негізсіз жасаған қорытындысына және/немесе мемлекеттік уәкілетті органдардың қызметкерлерінің мүгедектік туралы құжаттарды заңсыз бергені үшін шағым жасауға.

91. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтандыру шартын жасағанда Сақтанушыға сақтандыру полисін беруге;

2) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыруға және оның талап етуі бойынша Сақтандыру ережелерінің көшірмесін беруге (жіберуге), сонымен қатар сақтандырудың барлық шарттарын, Сақтанушының сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

3) Сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру төлемін сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте, мерзімде және шарттарда жасауға;

4) Сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

5) Сақтанушы немесе Пайда алушы немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды бермеген жағдайда, жетпейтін құжаттар туралы Сақтанушыдан құжаттарды қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлауға;

6) Сақтанушы осы Сақтандыру ережелерінің 79-тарауы 324-тармағында көрсетілген шарттарды орындаған жағдайда, Полис түпнұсқасын Сақтанушының талап етуі бойынша жоғалтқан жағдайда оған Полистің телқұжатын беруге.

Сақтану және сақтану қызметі туралы заңнамалық актілерде Сақтандырушының басқа да міндеттемелері қаралуы мүмкін.

17 -тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері

92. Осы тараудың 93-тармағында көрсетілгендерден басқа жағдаяттар нәтижесінде Сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасын және бонустық сақтандыру сомасын (егер ондай болса) қосу арқылы анықталады, егер сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу осы Қағидалардың 8 -тарауы 37-тармағы және 9 -тарауы 44-тарауы 2-тармақшасына сәйкес кемітілген сақтандыру сомасын және бонустық сақтандыру сомасын (егер ол болса) қосу арқылы мерзімінен бұрын тоқтатылған.

93. Егер сақтандыру құжаттары болған жағдайда сақтандыру жағдайы тура және жанама түрде төмендегілермен байланысты болса, Сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезеңде орын алған сақтандыру жағдайы орын алған – Сақтандырылған тұлға қайтыс болған күні Сақтандыру төлемінің мөлшері сатып алу сомасы мен бонусты сатып алу сомасына (егер ондай болса) тең:

- 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
- 2) Әскери әрекеттермен;
- 3) Азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді (растайтын құжаттар болған жағдайда);
- 5) Сақтандырылған тұлғаның заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
- 6) Сақтандырылған тұлғаның лицензияланған әуе компаниясы кемесін қоспағанда, кез келген ұшатын аппаратта ұшуы;
- 7) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орта және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;
- 8) Алкоголизм алкогольді тұтынумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде пайдаланумен байланысты болады;
- 9) Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережелерінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 10) Кәсіби спорт түрімен шұғылдану, егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру қабылданғанда осы ақпаратты мәлімдемеген болса және осы ақпарат сақтандыру шартында көрсетілмеген болса;
- 11) АҚТҚ-инфекциямен (ЖҚТБ) сырқаттану немесе АҚТҚ-инфекциямен (ЖҚТБ) байланысты ауру түрімен сырқаттану;
- 12) Егер сақтандыру шартының қолданысының алғашқы екі жылында сақтандыру жағдайы орын алған болса онкологиялық сырқаттың немесе қатерлі ісіктің туындауымен байланысты сырқаттану;
- 13) Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру шарты қолданыста болған алғашқы екі жылда орын алған жағдайда, Сақтандырылған тұлғаның өз-өзіне қол жұмсауы,

18 -тарау. Сақтанушының сақтандыру жағдайы орын алғандағы әрекеті, сақтандыру төлемін жүзеге асыру шарттары

94. Сақтанушы (Пайда алушы) оған сақтандыру жағдайының орын алуы туралы белгілі болғаннан кейін, ол туралы Сақтандырушыға дереу, бірақ кез келген жағдайда сақтандыру жағдайы орын алғанға дейін 40 (қырық) жұмыс күннен кешіктірмей хабарлауға міндетті. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) орынды себептер бойынша Сақтандырушыға сақтандыру жағдайларының орын алуы туралы жоғарыда көрсетілген мерзімде хабарлауға мүмкіндігі болмаған болса, ол уақтылы хабарламау себептері туралы жазбаша түсініктемені беруі керек және егер болса оны құжат жүзінде растауы керек.

95. Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алғанын растайтын құжаттарды беруі керек.

96. Сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құжаттарды алғаннан кейін Сақтандырушы Пайда алушыға (Сақтанушыға) қабылданған құжаттардың толық тізімін көрсете отырып анықтама береді.

97. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының орын алғандығын растайтын құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының орын алғандығы туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

98. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарланған күннен бастап сақтандыру жағдайының орын алу жағдаяттары мен себепін тексеруге құқылы.

99. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттарды және сақтандыруды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауға немесе оны жүзеге асырудан бас тарту туралы уәжді шешімді беруге міндетті.

100. Сақтандыру жағдайы бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдары немесе сот тиісті шешімді қабылдаған күнге дейін сақтандыру төлемінің мерзімін кейінге қалдыруға құқылы, бұл ретте Сақтанушы Пайда алушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімін ұзарту қажеттілігі туралы хабарлайды.

101. Сақтандыру төлемі Пайда алушы көрсеткен банктік шотқа жүргізіледі. Егер төлем немесе аударым Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын болса, төлем немесе Сақтандыру төлемдері ақшасын аудару бойынша шығындар Сақтандырушы есебінен жүзеге асырылады.

102. Егер Пайда алушы он төрт жасқа дейінгі кәмелет жасына толмаған болса, онда Сақтандырушыға берілетін растайтын құжаттар негізінде сақтандыру төлемін алуға Пайда алушының заңды өкілі құқылы болады. Егер Пайда алушы он төрт жас пен он сегіз жас аралығындағы кәмелет жасына толмаған болса, онда сақтандыру төлемін алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамалары арқылы реттеледі.

Егер Сақтанушы сақтанушы өтінішінде кәселет жасына толмаған Пайда алушының ол он сегіз жасқа толғаннан кейін сақтандыру төлемін алу туралы көрсеткен болса, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алғаннан кейін сақтандыру төлемін Пайда алушы он сегіз жасқа толғаннан кейін төлейтін болады

103. Сақтандыру төлемін жасағанда, Сақтандырушы одан сақтандыру төлемі жасалған күні туындаған Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

19-тарау. Сақтандыру төлемін жасау тәртібі мен мерзімі

104. Сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезеңде Сақтандырылған тұлға қайтыс болған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі осы Сақтандыру ережелерінде Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру шартының мерзімі аяқталған күннен бастап осы Сақтандыру ережелерінде белгіленген мерзімде жүргізіледі., бұл ретте Сақтанушы сақтандыру

шарты бойынша сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуден босатылады, бұл ретте сақтандыру шартының қосымша шарттарының әрекеті (егер болса) тоқтатылады.

105. Сақтандыру төлемі өмір сүрген жағдайда бір реттік төлеммен сақтандыру мерзімі аяқталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) өтініші және Полис түпнұсқасы негізінде жүзеге асырылады.

20 -тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттар тізімі

106. Сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезең ішінде орын алған, Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы бойынша Сақтандыру жағдайы орын алғанда, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:

- 1) полистің түпнұсқасы;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелері: Алушы банктің атауы, БСН, БСК, Банктің ЖСК, жинақтау, ағымдағы немесе карт шоты;
- 4) Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқықтарын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (егер Пайда алушыны Сақтандырушы сақтандыру шартын жасаған анықтамаған болса);
- 5) Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі және қайтыс болуы туралы анықтама;
- 6) Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы туралы медициналық (дәрігерлік) куәліктің көшірмесі;
- 7) Құжатты берген заңды тұлғаның мөрімен және қолымен куәландырылған Химиялық-токсикологиялық зерттеу нәтижелерімен қайтыс болу себептері және жағдаяттары себептері туралы сот-медициналық сараптамасы немесе паталогоанатомиялық зерттеу қорытындысының көшірмесі (егер сараптама немесе зерттеу жүргізу ҚР нормативтік құқықтық актілерінде қарастырылған болса);
- 8) Егер Сақтандырылған тұлға стационарда қайтыс болған болса, медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы емдеу мекемесінің мөрімен куәландырылған Сақтандырылған тұлғаның медициналық картасынан (сырқаттану тарихы) үзіндінің көшірмесі;
- 9) Амбулаторлық картаның оны берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесі, егер болса.

107. Сақтандырушы сонымен қатар келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

- 1) Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылған тұлғамен болған жағдай (қайғылы оқиға) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қаралған болса, Сақтандырушы тұлға құқық қорғау органдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды тіркеу дерегі бойынша анықтаманы талап етуге құқылы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркеу жағдайында – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы немесе соттың үкімі;
- 2) Егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде орын алған болса, берген мекеменің мөрімен куәландырылған жол-көлік оқиғасы бойынша материалдардың көшірмесі (оқиға орнын тексеру хаттамасы, жол-көлік оқиғалары схемасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемесі, мамандардың сараптамалық қорытындысы);
- 3) Сақтандырылған тұлға өзінің қызметтік міндеттемелерін орындау барысында сақтандыру жағдайы орын алғанда – Өндірістегі қайғылы оқиғалар туралы акті немесе осындай Актінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған және/немесе Сақтандырушының басқа да сұратқан құжаттары;

108. Сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі жағдайында Сақтанушы Сақтандырушыға Полистің түпнұсқасын, Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжатты, сонымен қатар жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН, ол жеке басын куәландыратын құжатта болмаған жағдайда), Сақтанушының банктік деректемелері (алушы банктің атауы, БСН, БСК, банктің ЖСК, ағымдағы немесе карт шот).

21 -тарау. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан босату негіздемесі

109. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуы:

1) Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы біле отырып жалған мәліметтер, сонымен қатар осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтандырушыға берілуі тиіс басқа да мәліметтерді беруі;

2) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жағдаяттарын тергеуге кедергі келтіруі;

3) Сақтандыруға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 835-бабында белгіленген шарттарда осы Сақтандыру қағидасында белгіленген мерзімде хабарламауы, оларға Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) орынды себептер бойынша аталған әрекеттерді орындай алмаса және оларды құжат жүзінде дәлелдеу жағдайы кірмейді.

110 Сақтандырушы Сақтандыру ережелерінің 109-тармағы 1) тармақшасына сәйкес Сақтандыру ережелерінің 3-бөлімінде көрсетілген оқиға бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартқан жағдайда, Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасау және орындаумен байланысты Сақтандыру полисінде белгіленген сатып алу сомасынан 15% мөлшерінде қосымша шығындарын шегере отырып Сақтанушы (Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылатын Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда Сақтанушының мұрагерлері) Сатып алу полисінде белгіленген сатып алу сомасын алуға құқылы.

22-тарау. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату

111 Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға өтініш бере отырып, сақтандыру шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

112 Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату күні, егер осындай өтініште Сақтанушы мерзімінен бұрын тоқтатудың барынша кеш күнін көрсетпеген болса, Сақтандырушының сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға өтінішті алған күн болып саналады.

113 Егер Сақтанушы сақтандыру шартын шартты жасаған күннен бастап біріншіден он үшінші күнге дейінгі кезеңде бір жақты тәртіпте бұзатын болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйақысының алынған сомасын толық көлемде қайтарып беруге міндетті. Егер Сақтанушы сақтандыру шартын шартты жасаған күннен бастап он төртіншіден отызыншы күнге дейінгі кезеңде бір жақты тәртіпте бұзатын болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға алған сақтандыру сыйақысының сомасын Сақтандырушы сақтандыру шартын жасағанда келтірген сақтандыру сыйақысының алынған сомасынан жиырма пайызды шегере отырып қайтарып беруге міндетті. Басқа сақтандыру шартын мерзімінен бұзу жағдайларында Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша төлеген сақтандыру сыйақысы (сақтандыру жарнасы) қайтарылмайды.

114 Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, осы -тараудың 122-тармағында қарастырылған жағдайды қоспағанда, Сақтанушы Сақтандырушыдан сатып алу сомасын және бонусты сатып алу сомасын (егер болса) алуға құқылы.

115 Сатып алу сомасының мөлшері Полистің артқы бетінде сақтандырудың әрбір жылы аяқталған күніндегі жағдай бойынша, барлық сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйақысы)

аталған күндері толықтай төленуін ескере отырып көрсетіледі. Сақтандырудың бірінші жылы аяқталған күні сатып алу сомасының мөлшері нөлге тең.

116 Сақтанушы сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған күні сақтандыру шарты бойынша төленуге тиісті сақтандыру жарналарын төлемеген жағдайда, сатып алу сомасының мөлшері соңғы сақтандыру жарнасы төленген сақтандыру жылының соңына белгіленген сатып алу сомасын Полисте көрсетілген мөлшеріне қарай, нақты төленген кезеңді сақтандыру жарналарын ескере отырып есептелетін болады.

117 Сатып алу сомасының мөлшері Полисте көрсетілген:

- 1) Сақтанушыға сатып алу сомасы шегінде берілген берілген қарыздарды, және осындай қарыздар бойынша пайыздарды ескерусіз;
- 2) Сақтандыру дивиденттерін (егер ол болса) ескерусіз.

118 Сатып алу сомасы және бонусты сатып алу сомасын Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартын және полистің түпнұсқасын мерзімінен бұрын тоқтатуға өтінішті берген күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей төлеуі тиіс.

119 Сақтандырушы сатып алу сомасын және бонусты сатып алу сомасын төлеген кезде төленуге тиісті қарыз шарт (егер болса) бойынша Сақтанушының берешегі мөлшерінде ақша сомасын, сонымен қатар Сақтанушының Сақтандырушы алдындағы сақтандыру шарты бойынша кез келген басқа берешегін ұстап қалуға құқылы.

120 Сатып алу сомасына және бонустық сатып алу сомасына салық салу, егер ондай болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған тәртіпте жүргізіледі.

121 Егер Сақтанушы қарыз шарты бойынша осы Сақтандыру ережелерінің 129 -тарауы 23-тармағына сәйкес тиесілі сыяқысымен бірге қарыз сомасын өтемеген болса Сақтандырушы бір жақты тәртіпте сақтандыру шартын бұзуға құқылы.

23-тарау. Қарызды алу

122 Сақтанушы қарызды сатып алу сомасы шегінде Сақтандырушының тиісті қаржылық жыл үшін белгілеген максималды рұқсат етілетін қарыз сомасынан аспайтын мөлшерде алуға құқылы.

123 Сақтандырушы және Сақтанушы арасындағы қарыз шарты Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес құрастырылады.

124 Сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы сақтанушының алған қарызын қайтаруға қамтамасыз ету болып табылады және бір жылға қарыз берілген кезең үшін есептелген қарыз сомасы мен сыйақыны жабады. Қарыз беру мерзімі қарыз шартын жасаған сәттегі оның қолданысының нақты аяқталған кезеңін шегере отырып сақтандыру шартының қолданысы мерзімінен аспауы керек.

125 Қарызды беру кез келген мақсат үшін жүзеге асырылады, сонымен қатар жинақты сақтандыру шарты бойынша берешекті ескере отырып белгіленетін, аралас жинақты шарты бойынша кезектегі сақтандыру жарналары бойынша берешекті өтеу шотына жүзеге асырылады.

126 қарыздарды өтеу және осындай қарыздар бойынша сыйақыны төлеу бойынша Сақтанушының кез келген берешегі Сақтандырушының төлейтін ақша сомасынан ұсталынады. Қарыз шарты бойынша жалпы берешек Сақтандырушының сатып алу сомасын төлеу кезеңінде төленуге тиісті ақша сомасынан ұсталынады – Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу жағдайында, сақтандыру төлемін төлеу барысында – ал егер сақтандыру жағдайы орын алған болса, егер осы уақытта аталған берешекті Қарыз алушы өтемеген болса. Аталған берешек Компания Пайда алушыға (Сақтанушыға) Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес төлеуге тиісті сома арқылы өтелетін болады.

127 Сақтандыру сомасы Сақтандыру ережелерінің 9 -тарауы 44-тармағы 2-тармақшасында белгіленген тәртіпте кеміген жағдайда, Сақтандырушы белгілі бір өзгертілген сақтандыру

сомасында Сақтанушының қарыздарды өтеу және осындай қарыздар бойынша сыйақыны төлеу бойынша кез келген берешегін ескеруге тиіс. Сонымен қатар, кемітілген сақтандыру сомасымен Полис бойынша сақтандыру төлемдерін жасағанда Сақтандырушы алдында ескерілген берешек сомасын ұстауға құқылы емес.

128 Сақтанушы қарыз сомасын және есептелген сыйақыны қарыз шартының қолданыс мерзімінің соңына дейін өтемеген (толық немесе ішінара) жағдайда сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасының мөлшері сақтанушының қарыз шарты бйынша берешек сомасына кемітілетін болады. Сақтандыру шартының қолданысының әрбір келесі жылы үшін Сақтандыру сомасының мөлшері және сатып алу сомасының мөлшері жасалған кемуді ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша соңғы сақтандыру жарнасын төлеген күніндегі сатып алу сомасының мөлшеріне қарай анықталатын болады.

129 Егер қарыз шарты бойынша берешек сомасы сатып алу сомасы мөлшеріне жететін болса, онда сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасының және сақтандыру сомасының мөлшері нөлге тең болып саналады. Сақтандырушы ол туралы сақтанушыға сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы және сақтандыру сомасы кеміген күнге дейін отыз күнтізбелік күн бұрын хабарлайды және бір жақты тәртіпте сақтандыру шартын аталған күннен бастап бұзуға құқылы.

24 -тарау. Сақтандыру сомасын (сақтандыру жарналарын) мөлшерін индексациялау

130 Сақтандыру шартында Сақтандыру және (немесе) сақтандыру төлемдері шарты бойынша сақтандыру сомасының индексациясы (өзгерісі) Сақтандыру шартының қолданысы кезеңі ішінде, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысы (жарнасы) мөлшері тиісінше өзгеру шартында қарастырылуы мүмкін.

131 Сақтандыру жарнасы және сақтандыру сомасының индексациясы Негізгі шарттар (3-бөлім) бойынша сақтандыру сыйақысы төленген кезеңде жүргізіледі. Индексация сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысы бір уақытта төленгенде жүзеге асырылмайды.

132 «Сақтандыру шартының үздіксіз қолданыста болған алғашқы екі жылы ішінде, Сақтандырудың үшінші жылдан бастап - сақтандыру жарналарын төлеуден босатумен қайғылы оқиға нәтижесінде бірінші немесе екінші мүгедектік тобын берумен байланысты Сақтандырылған тұлғаның қайғылы оқиға нәтижесінде бірінші немесе екінші мүгедектік тобын берумен байланысты сақтандыруды жабу бойынша Қосымша бағдарлама бойынша сақтандыру жарнасын және сақтандыру сомасын индексациялау аталған қосымша жабу бойынша сақтандыру сыйақысы төленген кезеңде жүргізіледі. Сонымен қатар, Сақтанушы мүгедектік кезінде сақтандыру жарналарын төлеуден босатылған жағдайда индексация қарастырылмайды. Қосымша бағдарламаның басқа да өтемдері бойынша сақтандыру жарналары мен сақтандыру сомалары индексацияланбайды.

133 Индексацияланған (өзгертілген) сақтандыру сомасының және өзгертілген сақтандыру жарансының мөлшері Сақтандыру полисінде көрсетіледі.

134 Индексация Сақтандыру шартына бір жыл толғанда жасалады, Сақтандыру шартына бір жыл толғанға дейін төленугет тиісті сақтандыру сыйақысы (сақтандыру жарналары) толық төленген жағдайда жүзеге асырылады.

135 Сақтандыру сомасының мөлшері және кезеңді сақтандыру жарналарының мөлшерін индексациялау тәртібі мен әдіснамасы Директорлар кеңесі бекіткен Сақтандырушының ішкі ережелерімен беліленеді.

25 -тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

136 Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Сақтанушының Сақтандырушыға беретін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтініші негізінде жүргізіледі.

137 сақтандыру шартына барлық өзгерістер мен толықтырулар жазабаша үлгіде, егер барлық сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйақысы) өтінішті берген күні толық төленсе, сонымен қатар Сақтандырушы осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулармен келіскен жағдайда енгізіледі және күшіне енген болып саналады:

1) Полисте тікелей көрсетілген мәліметтерге қатысты – Жаңартылған Полиске қол қойылған күннен бастап;

2) Сақтандыру өтінішінде тікелей көрсетілген мәліметтерге қатысты, оларға Полисте көрсетілген мәліметтер кірмейді – Сақтандырушының келісімімен расталатын құжатта көрсетілген күннен бастап, ал егер күні көрсетілмесе, Сақтандырушының шығыс құжатты тіркеген күнінен бастап.

138 Жаңартылған Полис алдында шығарылған Полиске немесе алдында шығарылған Полистің телқұжатына алмастырылады. Жаңартылған Полис сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып саналады және қол қойылған күннен кейін алдында шығарылған Полис (ал ол жоғалған жағдайда - телқұжат) күшін жоятын болады.

139 Егер сақтандыру шартын жасағаннан кейін жаңа заңнамалық актілер қабылданса немесе сақтандырушы шарты талаптарына қатысты және осындай актілер қабылданғанға дейін жасалған шарттарға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу бойынша талаптарды белгілейтін қолданыстағылары өзгертілген болса Сақтандырушы сақтандыру шартына толықтырулар және/немесе өзгертулерді енгізуге құқылы.

140 Сақтандырушы бір жақты тәртіпте сақтандыру шартына Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізуге құқылы.

141 Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартының барлық өзгерістері туралы, егер жазбаша хабарламада басқа күн белгіленбеген болса, осы сияқты өзгерістер күшіне енгенге дейін 30 күнтізбелік күн бұрын хабарлайды. Сақтанушы сақтандыру шартының өзгерістерімен келіспеген жағдайда, Сақтандырушыға жазбаша үлгіде хабарлап барып, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер Сақтанушы өзгерістер туралы хабарламаны жөнелткеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы хабарламаса, Сақтанушы өзгерістермен келіскен болып саналады.

142 Егер Сақтанушы Сақтандыру ережелерінің 140-тармағында айтылған жағдаяттарға (шарттарды бір жақты өзгерту) байланысты сақтандыру шартын бұзатын болса, Сақтандыру ережелерінің 22 -тарауында белгіленген салдары орын алады.

26 -тарау. Сақтанушының орналасқан жерін немесе тұрғылықты жерін өзгерту

143 Сақтандырушы Сақтанушыға оның сақтандыру өтінішінде көрсетілген орналасқан жері немесе тұрғылықты мекенжайына хабарлама жібереді.

144 Сақтанушы орналасқан жері немесе тұрғылықты мекенжайы өзгерген жағдайда он күндік мерзім ішінде Сақтандырушыға жаңа мекенжайды хабарлауға міндетті. Кері жағдайда, алдыңғы тұрғылықты мекенжайы немесе орналасқан мекенжайы бойынша жіберілген хабарлама тараптар алған болып (жарамды болып) саналады.

145 Егер Сақтанушының орналасқан жері немесе тұрғылықты мекенжайы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде болатын болса, онда Сақтанушы Қазақстан Республикасындағы Сақтанушыға хат-хабарды жеткізу үшін жауапты сенімді тұлға Сақтандырушыға көрсетуге міндетті.

4-бөлім. Сақтандырылған тұлға қайтыс болу жағдайында сақтандыру

27 -тарау. Сақтандыру жағдайы

146 Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиға салдарынан қайтыс болу жағдайында Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайына Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру қорғанысы қолданысы кезеңінде орын алған қайтыс болуы жатады.

28-тарау. Сақтандыру жағдайына кірмейтіндер

147 осы Сақтандыру ережелерінің 21 -тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелерін қоспағанда, Сақтандырушы егер Сақтандырылған тұлғаның өлімі төмендегілермен тура немесе жанама түрде байланысты болса босатылатын болады:

- 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
- 2) Әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) Азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді (растайтын құжаттар болған жағдайда);
- 5) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
- 6) Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратында ұшуы, оларға лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар тасымалдау кемесі кірмейді;
- 7) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орта және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;
- 8) Алкоголизм алкогольді тұтынумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде пайдаланумен байланысты болады;
- 9) Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережелерінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 10) Кәсіби спорт түрімен шұғылдану, егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру қабылданғанда осы ақпаратты мәлімдемеген болса және осы ақпарат сақтандыру шартында көрсетілмеген болса;
- 11) АҚТҚ-инфекциямен (ЖҚТБ) сырқаттану немесе АҚТҚ-инфекциямен (ЖҚТБ) байланысты ауру түрімен сырқаттану;

148 Егер сақтандыру шарты сақтандыру жағдайы орын алған күні екі жылдан кем қолданыста болса және сақтандыру жағдайы тура немесе жанама түрде өз-өзіне қол жұмсау немесе осы әрекетті жасау салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан толық босатылады.

29 -тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жасау тәртібі мен мерзімдері.

149 Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиға нәтижесінде қайтыс болу жағдайында сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

150 Сақтандыру жағдайы орын алғандағы сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең. Бонусты сақтандыру сомасы сақтандыру шарты талаптары бойынша Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиға нәтижесінде қайтыс болу жағдайына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі сомасына қосылмайды және төленуге тиісті емес.

151 Сақтандыру шартының осы қосымша шарттары бойынша сақтандыру төлемі бір реттік төлеммен Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің 30-тарауында көрсетілген құжаттарды Сақтандырушы алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

30 -тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттардың тізімі

152 Сақтандыру жағдайының орын алуын растау үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі Сақтандыру ережелерінің 20-тарауы 106, 107-тармақтарында қарастырылған құжаттарды беруге міндетті:

153 Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды оларды алған (қабылдаған) күнді көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) берілген құжаттардың толық тізімін және оларды Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша қабылданған күнін көрсете отырып анықтаманы беруге міндетті.

154 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы оларға кем шыққан құжаттар туралы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды, Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар туралы хабарламаны жөнелтеді.

155 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережелерінің осы Тарауында көрсетілген барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы шешім қабылдауға құқылы.

31-тарау. Пайда алушы

156 Сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезең ішінде қайғылы оқиға немесе сырқаттану салдарынан орын алған Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы орын алуы сақтандыру жағдайы бойынша егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса, Пайда алушы Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру өтінішіндегі келісімімен Сақтанушы сайланады.

5-бөлім. Қайғылы оқиға нәтижесінде Сақтандырылған тұлғаға мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру

32 -тарау. Сақтандыру жағдайы

157 Сақтандырылған тұлғаға қайтыс болған жағдайда қайғылы оқиға болып сақтандыру қорғанысы қолданысы кезеңінде орын алған қайғылы оқиға күнінен бастап он екі күнтізбелік ай ішінде Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы табылады.

33 -тарау. Сақтандыру жағдайына кірмейтіндер

158 осы Сақтандыру ережелерінің 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелерін қоспағанда, Сақтандырушы егер Сақтандырылған тұлғаның өлімі төмендегілермен тура немесе жанама түрде байланысты болса босатылатын болады:

- 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;

- 2) Әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) Азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді (растайтын құжаттар болған жағдайда);
- 5) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
- 6) Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратында ұшуы, оларға лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар тасымалдау кемесі кірмейді;
- 7) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орта және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;
- 8) Алкоголизм алкогольді тұтынумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде пайдаланумен байланысты болады;
- 9) Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережелерінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 10) Кәсіби спорт түрімен шұғылдану, егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру қабылданғанда осы ақпаратты мәлімдемеген болса және осы ақпарат сақтандыру шартында көрсетілмеген болса;
- 11) Бактериалды инфекция, кесіп алу немесе жарақаттанудан туындайтын инфекция да кіреді;
- 12) Кез келген сырқаттануда, оларға қайғылы оқиға салдарынан туындаған сырқаттану кірмейді, ол айырықша түрде қайғылы оқиға сақтандыру қорғанысы қолданысы кезеңінде болуы тиіс шарттарында қолданылады.
- 13) Грыжа;
- 14) Эпилептикалық құлау, жүректі қысылуы және апоплеккалық соққы;
- 15) Медициналық немесе хирургиялық емдеу немесе операциялар, оларға Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиға салдарынан алған дене жарақатын емдеу үшін тікелей қажетті операциялар кірмейді.

159 Егер сақтандыру шарты сақтандыру жағдайы орын алған күні екі жылдан кем қолданыста болса және сақтандыру жағдайы тура немесе жанама түрде өз-өзіне қол жұмсау немесе осы әрекетті жасау салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан толық босатылады.

34 -тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен мерзімі

160 Сақтандырылған тұлғаға қайғылы оқиға салдарынан бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті белгілеуге әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

161 Сақтандыру жағдайы орын алғандағы сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең. Бонусты сақтандыру сомасы Сақтандырылған тұлғаға қайғылы оқиға салдарынан бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің берілуіне әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға

қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру тқлемі сомасы қосылмайды және төленбейді.

162 Сақтандыру шартының осы қосымша шарттары бойынша сақтандыру төлемі бір реттік төлеммен Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің 35-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

35-тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттардың тізімі.

Сақтандыру жағдайының орын алуын растау үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:

163 Сақтандыру ережелерінің 20-тарауы 106, 107-тармақтарында қарастырылған құжаттар;

Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды оларды алған (қабылдаған) күнді көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті.

164 Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізімін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып анықтама беруге міндетті.

165 Сақтанушы немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы оларға кем шыққан құжаттар туралы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды, Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар туралы хабарламаны жөнелтеді.

166 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережелерінің осы Тарауында көрсетілген барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы шешім қабылдауға құқылы.

36 -тарау. Пайда алушы

167 Пайда алушы болып сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезең ішінде қайғылы оқиға нәтижесінде орын алған Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы сақтандыру жағдайы бойынша егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса, Сақтанушы Сақтандырылған сақтандыру өтнішіндегі келісімімен тағайындалады.

6-бөлім. Қайғылы оқиға нәтижесінде Сақтандырылған тұлғаға мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру

37-тарау. Сақтандыру жағдайы

168 Қайғылы оқиға нәтижесінде Сақтандырылған тұлғаға мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты талаптары бойынша сақтандыру шарты болып Сақтандырылған тұлғаға сақтандыру қорғанысы қолданысы кезеңінде орын алған қайғылы оқиға күнінен бастап он екі күнтізбелік ай ішінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті беру болып табылады.

169 Мүгедектік тобын белгілеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады. Мүгедектікті анықтау іске асырылатын, сақтандыру шартын жасағаннан кейін қабылданған заңнамаға кез келген өзгерістер мен толықтырулар Сақтандырушының аталған шарт аясындағы жауапкершілігінің артуына әкелмейді.

170 Сақтандырылған тұлғаның мүгедектік тобын, оны белгілеу себебі, мерзімі және уақытын анықтауды заңнамалық акті негізінде Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты түрде мекендейтін шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға мүгедектік тобын белгілейтін мемлекеттік орган жүзеге асырады (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік орган).

38-тарау. Сақтандыру жағдайына кірмейтіндер

171 осы Сақтандыру ережелерінің 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелерін қоспағанда, Сақтандырушы егер Сақтандырылған тұлғаның өлімі төмендегілермен тура немесе жанама түрде байланысты болса босатылатын болады:

- 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
- 2) Әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) Азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді (растайтын құжаттар болған жағдайда);
- 5) Сақтандырылған тұлғаның заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
- 6) Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратында ұшуы, оларға лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар тасымалдау кемесі кірмейді;
- 7) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орта және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;
- 8) Кәсіби спорт түрімен шұғылдану, егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру қабылданғанда осы ақпаратты мәлімдемеген болса және осы ақпарат сақтандыру шартында көрсетілмеген болса;
- 9) Алкоголизм алкогольді тұтынумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде пайдаланумен байланысты болады;
- 10) Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережелерінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 11) Бактериалды инфекция, кесіп алу немесе жарақаттанудан туындайтын инфекция да кіреді;
- 12) Кез келген сырқаттануда, оларға қайғылы оқиға салдарынан туындаған сырқаттану кірмейді, ол айырықша түрде қайғылы оқиға сақтандыру қорғанысы қолданысы кезеңінде болуы тиіс шарттарында қолданылады.
- 13) Грыжа;
- 14) Эпилептикалық құлау, жүректі қысылуы және апоплексикалық соққы;
- 15) Медициналық немесе хирургиялық емдеу немесе операциялар, оларға Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиға салдарынан алған дене жарақатын емдеу үшін тікелей қажетті операциялар кірмейді.
- 16) Өз-өзіне өол жұмсау.

172 Сақтандырылған тұлғаға қайғылы оқиға салдарынан бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті беру, егер аталған мүгедектік қайғылы оқиға орын алғаннан кейін немесе сақтандыру қорғанысы қолданыс кезеңі аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай өткеннен кейін белгіленген болса сақтандыру жағдайына кірмейді.

39-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен мерзімі

173 Сақтандырылған тұлғаға қайғылы оқиға салдарынан бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті белгілеуге әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

174 Сақтандыру жағдайы орын алғандағы сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең. Бонусты сақтандыру сомасы Сақтандырылған тұлғаға қайғылы оқиға салдарынан бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің берілуіне әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру тқлемі сомасы қосылмайды және төленбейді.

175 Сақтандыру шартының осы қосымша шарттары бойынша сақтандыру төлемі бір реттік төлеммен Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің 36-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

176 Сақтандыру төлемі Сақтандырылған тұлғаның қайғылы оқиға салдарынан бірінші белгіленген мүгедектігі бойынша жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемін сақтандырудың осы қосымша шарттары бойынша жүзеге асырғаннан кейін, Сақтандырылған тұлғаға қайғылы оқиға салдарынан бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті белгілеуге әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты талаптары тоқтатылады.

40 -тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттардың тізімі.

177 Сақтандыру жағдайының орын алуын растау үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:

- 1) Полистің көшірмесін;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелері: Алушы банктің атауы, БСН, БСК, Банктің ЖСК, ағымдағы немесе карт шоты;
- 4) Сақтандыру жағдайының белгілері, оның себебі бар жағдайлардың орын алуын растайтын тиісті құзыретті органдардан (өрт қызметі, құқық қорғау органдары) берілетін құжаттар;
- 5) Сақтандырылған тұлға өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында сақтандыру жағдайлары орын алғанда – Өндіріс орнындағы қайғылы оқиға туралы акті немесе осындай Актінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 6) Уәкілетті мемлекеттік органның Сақтандырылған тұлғаның мүгедектегі туралы нотариалды куәландырылған анықтамасы;
- 7) Сақтандырылған тұлғаның медициналық мекемеден берілген медициналық картасының үзіндісі немесе берген мекеменің мөрі басылған үзінді көшірмесі, егер ол болса;
- 8) Берген мекеменің мөрі басылған амбулаторлық картаның көшірмесі;
- 9) Рентген-сурет бойынша рентгенологтың сипаттамасы немесе танысуға арналған рентген-сурет (егер болса);

178 Сақтандырушы сонымен қатар мына Сақтандыру ережесінің 20-тарауы 107-тармағында қарастырылған құжаттарды, сонымен қатар берген мекеменің мөрі басылған профилактикалық және медициналық тексеру қорытындысы сұратуға құқылы:

179 Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алғаннан кейін құқылы:

- 1) Сақтандыру жағдайының орын алу себептерін тексеруге;
- 2) Кез келген уақытта Сақтандырылған тұлғаның денсаулығының жай-күйі және уәкілетті мемлекеттік органдардың қайта куәландыру нәтижелері туралы анықтаманы талап етуге;
- 3) Жылына бір реттен жиі емес Сақтандырушының есебінен (егер Сақтандырылған тұлға Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұратын болса, көлік шығындары қосылмайды) Сақтандырылатын тұлғаға Сақтандырушы тағайындаған дәрігерлер, сонымен қатар мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген мүгедектік тобын тексеру үшін қосымша медициналық тексерулер өткізіп отырады;

4) Медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссия қызметкерлерінің негізсіз жасаған қорытындысына және/немесе мемлекеттік уәкілетті органдардың қызметкерлерінің мүгедектік туралы құжаттарды заңсыз бергені үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған тәртіпте шағым жасауға.

180 Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылған тұлғамен болған жағдай (қайғылы оқиға) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қаралған болса, Сақтандырушы тұлға құқық қорғау органдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды тіркеу дерегі бойынша анықтаманы талап етуге құқылы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркеу жағдайында – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы немесе соттың үкімі;

181 Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды оларды алған (қабылдаған) күнді көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) берілген құжаттардың толық тізімін және оларды Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша қабылданған күнін көрсете отырып анықтаманы беруге міндетті.

182 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы оларға кем шыққан құжаттар туралы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды, Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар туралы хабарламаны жөнелтеді.

183 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережелерінің осы Тарауында көрсетілген барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы шешім қабылдауға құқылы.

41-тарау. Пайда алушы

184 Сақтандырылған тұлғаның қайғылы оқиға салдарынан мүгедектікке әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру шарттары бойынша Пайда алушы болып Сақтандырылған тұлға болып табылады.

7-бөлім. Сақтандырылған тұлғаға дене жарақатын әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру

42-тарау. Сақтандыру жағдайы

185 Сақтандырылған тұлғаға дене жарақатын әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезең ішінде Сақтандырылған тұлғаға қайғылы оқиға салдарынан болған дене жарақаты қабылданады.

43 -тарау. Сақтандыру жағдайына кірмейтіндері және сақтандыру жағдайынан шектеу

37 осы Сақтандыру ережелерінің 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелерін қоспағанда, Сақтандырушы егер Сақтандырылған тұлғаның өлімі төмендегілермен тура немесе жанама түрде байланысты болса босатылатын болады:

- 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
- 2) Әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) Азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;

4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді (растайтын құжаттар болған жағдайда);

5) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;

6) Бактериалды инфекция, кесіп алу немесе жарақаттанудан туындайтын инфекция да кіреді;

7) Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратында ұшуы, оларға лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар тасымалдау кемесі кірмейді;

8) Қайғылы оқиға нәтижесінде туындаған сырқаттануды қоспағанда кез келген сырқат түрі, тек егер осындай қайғылы оқиға сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезде орын алса;

9) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орта және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;

10) Маскүнемдік, алкогольді қабылдаумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде қабылдап отырумен байланысты;

11) Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережелерінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;

12) Кәсіби спорт түрімен айналысу, егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыруға қабылданғанда осы ақпаратты мәлімдемесе және осы ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмесе;

13) Грыжа;

14) Эпилептикалық құлау, жүректі қысылуы және апоплеккалық соққы;

15) Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиға салдарынан алған дене жарақаттарын емдеу үшін тікелей қажетті емдік шаралар мен операцияларды қоспағанда, бірақ дене жарақатының орын алуына әкелген қайғылы оқиғадан кейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей Медициналық немесе хирургиялық емдеу немесе операция.

16) Өз-өзіне қол жұмсау.

187 Сақтандырушы «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесінде» келісілген дене жарақаттары бойынша ғана сақтандыру төлемдерін төлейді.

188 Сақтандыру төлемінің мөлшері «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесінде» белгіленеді. «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесі» сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып саналады.

44 -тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен мерзімі

189 Сақтандырылған тұлғаның дене жарақатына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

190 Сақтандырылған тұлғаның дене жарақатына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшерін Сақтандырушы «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесіне» сәйкес белгілейді.

191 Бір қайғылы оқиға салдарынан орын алған бірнеше дене жарақаты жағдайындағы және «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір бөлімінде келісілген сақтандыру төлемі сақтандыру төлемінің барынша жоғары мөлшеріндегі жарақатт қарастыратын тармаққа сәйкес жүргізіледі.

192 Бір қайғылы оқиға салдарынан орын алған бірнеше дене жарақаты жағдайындағы және «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір бөлімінде келісілген сақтандыру төлемі әрбір дене жарақаты бойынша жеке жүргізіледі, бірақ сақтандыру төлемдерінің сомасы сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

193 «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір тармағында көрсетілген бір немесе бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі осы тармаққа сәйкес бір уақытта анықталған мөлшерде, дене жарақатының санына қарамастан жүргізіледі.

194 Кез келген жағдайда сақтандыру төлемдерінің ортақ мөлшері сақтандыру сомасы мөлшерінен аса алмайды.

195 Сақтандыру шартының осы қосымша шарттары бойынша сақтандыру төлемі бір реттік төлеммен Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің 45-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

196 Сақтандыру төлемін жүзеге асырғанда Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

45-тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттардың тізімі.

197 Сақтандыру жағдайының орын алуын растау үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:

- 1) Поликтің көшірмесін;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелері: Алушы банктің атауы, БСН, БСК, Банктің ЖСК, жинақтау, ағымдағы немесе карт шоты;
- 4) Сақтандыру жағдайының белгілері, оның себебі, шығын мөлшері бар жағдайлардың орын алуын растайтын тиісті құзыретті органдардан (өрт қызметі, құқық қорғау органдары) берілетін құжаттар;
- 5) Сақтандырылған тұлға өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында сақтандыру жағдайлары орын алғанда – Өндіріс орнындағы қайғылы оқиға туралы акті немесе осындай Актінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 6) Уәкілетті мемлекеттік органның Сақтандырылған тұлғаның мүгедектегі туралы нотариалды куәландырылған анықтамасы;
- 7) Сақтандырылған тұлғаның медициналық мекемеден берілген медициналық картасының (сырқаттану тарихы) үзіндісі немесе берген мекеменің мөрі басылған үзінді көшірмесі;
- 8) Берген мекеменің мөрі басылған амбулаторлық картаның көшірмесі;
- 9) Травматологиялық пунктіден анықтама немесе оның медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
- 10) Рентген-сурет бойынша рентгенологтың сипаттамасы немесе танысуға арналған рентген-сурет (егер болса);
- 11) Сақтандырушының сұрататын сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған құжаттары.

198 Сақтандырушы сонымен қатар Сақтандыру ережелерінің 20-тарауы 107-тармағында қарастырылған басқа да құжаттарды сұратуға құқылы.

199 Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды оларды алған (қабылдаған) күнді көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) берілген құжаттардың толық тізімін және оларды Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша қабылданған күнін көрсете отырып анықтаманы беруге міндетті.

200 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы оларға кем шыққан құжаттар туралы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды, Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар туралы хабарламаны жөнелтеді.

201 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережелерінің Сақтандыру ережелерініңосы Тармағында көрсетілген барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы шешім қабылдауға құқылы.

46 -тарау. Пайда алушы

202 Сақтандырылған тұлғаның қайғылы оқиға салдарынан дене жарақатына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру шарттары бойынша Пайда алушы болып Сақтандырылған тұлға болып табылады.

8-бөлім. Сақтандырылған тұлғаға уақытша еңбекке жарамсыздыққа әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру

47 -тарау. Сақтандыру жағдайы

203 Сақтандырылған тұлғаның уақытша еңбекке жарамсыздығына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып Сақтандырылған тұлғаға қайғылы оқиға салдарынан болған уақытша еңбекке жарамсыздығын белгілеу болып табылады.

204 Уақытша еңбекке жарамсыздықты анықтау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

48-тарау. Сақтандыру жағдайынан шектеу

205 Осы Сақтандыру ережелерінің 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелерін қоспағанда, Сақтандырушы егер Сақтандырылған тұлғаның өлімі төмендегілермен тура немесе жанама түрде байланысты болса босатылатын болады:

- 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
- 2) Әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) Азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді (растайтын құжаттар болған жағдайда);
- 5) Сақтандырылған тұлғаның заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;

- 6) Бактериалды инфекция, кесіп алу немесе жарақаттанудан туындайтын инфекция да кіреді;
- 7) Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратында ұшуы, оларға лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар тасымалдау кемесі кірмейді;
- 8) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орта және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;
- 9) Маскүнемдік, алкогольді қабылдаумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде қабылдап отырумен байланысты;
- 10) Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережелерінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 11) Кәсіби спорт түрімен айналысу, егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыруға қабылданғанда осы ақпаратты мәлімдемесе және осы ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмесе;
- 12) Кез келген сырқатпен, оларға осы қайғылы оқиға сақтандыру қорғанысы қолданысы кезеңі ішінде орын алған шарттағы, осы қайғылы оқиға салдарынан туындаған сырқаттану жағдайы кірмейді;
- 13) Грыжа;
- 14) Эпилептикалық құлау, жүректі қысылуы және апоплексалық соққы;
- 15) Медициналық немесе хирургиялық емдеу немесе операциялар, оларға Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиға салдарынан алған дене жарақатын емдеу үшін тікелей қажетті операциялар кірмейді.
- 16) Өз-өзіне қол жұмсау әрекеті.

49 -тарау. Сақтандыру төлемінің және сақтандыру сомасының мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері

206 Сақтандырылған тұлғаның уақытша еңбекке жарамсыздыққа әкелген сақтандыру жағдайына қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

207 Сақтандыру төлемінің мөлшері, еңбекке жарамсыз 7 (жетінші) күнтізбелік күннен бастап еңбекке жарамсыз әрбір күнтізбелік күн үшін сақтандыру сомасынан 0,2% (нөл бүтін оннан екі пайызға) тең, бірақ еңбекке жарамсыздықтың жалпы ұзақтығы бір сақтандыру жағдайымен байланысты 60 (алпыс) күнтізбелік күннен аспайды.

208 Сақтандыру шартының осы қосымша шарттары бойынша сақтандыру төлемі бір реттік төлеммен Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің 50-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

50 -тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттар тізімі

209 Сақтандыру жағдайының орын алуын растау үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:

- 1) Полистің көшірмесі;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелері: Алушы банктің атауы, БСН, БСК, Банктің ЖСК, жинақтау, ағымдағы немесе карт шоты;

4) Сақтандыру жағдайының белгілері, оның себебі, шығын мөлшері бар жағдайлардың орын алуын растайтын тиісті құзыретті органдардан (өрт қызметі, құқық қорғау органдары) берілетін құжаттар;

5) Сақтандырылған тұлға өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында сақтандыру жағдайлары орын алғанда – Өндіріс орнындағы қайғылы оқиға туралы акті немесе осындай Актінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

6) Травматологиялық пунктіден анықтама немесе оның медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;

7) Сақтандырылған тұлғаның медициналық мекемеден берілген медициналық картасының (сырқаттану тарихы) үзіндісі немесе берген мекеменің мөрі басылған үзінді көшірмесі;

8) Берген мекеменің мөрі басылған амбулаторлық картаның көшірмесі;

9) Ебекке уақытша жарамсыздық туралы парақ;

10) Сақтандырушының сұрататын сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған құжаттары.

210 Сақтандырушы сонымен қатар Сақтандыру ережелерінің 20-тарауы 107-тармағында қарастырылған басқа да құжаттарды сұратуға құқылы.

211 Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды оларды алған (қабылдаған) күнді көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) берілген құжаттардың толық тізімін және оларды Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша қабылданған күнін көрсете отырып анықтаманы беруге міндетті.

212 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы оларға кем шыққан құжаттар туралы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды, Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар туралы хабарламаны жөнелтеді.

213 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережелерінің осы тарауында көрсетілген барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы шешім қабылдауға құқылы.

51 -тарау. Пайда алушы

214 Сақтандырылған тұлғаға уақытша еңбекке жарамсыздықты әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру шарттары бойынша пайда алушы Сақтандырылған тұлға болып табылады.

9-бөлім. Сақтандырылған тұлғаның ауруханаға жатуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру

52-тарау. Сақтандыру жағдайы

215 Сақтандырылған тұлғаны аурухана жатуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы болып Сақтандырылған тұлғаны қайғылы оқиға салдарынан емдеу мекемесінде стационарлық емдеуде болуы саналады.

53-тарау. Сақтандыру жағдайына кірмейтіндер

216 осы Сақтандыру ережелерінің 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелерін қоспағанда, Сақтандырушы егер Сақтандырылған тұлғаның өлімі төмендегілермен тура немесе жанама түрде байланысты болса босатылатын болады:

- 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
- 2) Әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) Азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді (растайтын құжаттар болған жағдайда);
- 5) Сақтандырылған тұлғаның заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
- 6) Бактериалды инфекция, кесіп алу немесе жарақаттанудан туындайтын инфекция да кіреді;
- 7) Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратында ұшуы, оларға лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар тасымалдау кемесі кірмейді;
- 8) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орта және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;
- 9) Алкоголизм алкогольді тұтынумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде пайдаланумен байланысты болады;
- 10) Кез келген сырқаттануда, оларға қайғылы оқиға салдарынан туындаған сырқаттану кірмейді, ол айырықша түрде қайғылы оқиға сақтандыру қорғанысы қолданысы кезеңінде болуы тиіс шарттарында қолданылады.
- 11) Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережелерінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 12) Кәсіби спорт түрімен шұғылдану, егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру қабылданғанда осы ақпаратты мәлімдемеген болса және осы ақпарат сақтандыру шартында көрсетілмеген болса;
- 13) Грыжа;
- 14) Эпилептикалық құлау, жүректі қысылуы және апоплеккалық соққы;
- 15) Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиға салдарынан алған дене жарақаттарын емдеу үшін тікелей қажетті емдік шаралар мен операцияларды қоспағанда, бірақ дене жарақатының орын алуына әкелген қайғылы оқиғадан кейін 60 күнтізбелік күннен кешіктірмей Медициналық немесе хирургиялық емдеу немесе операция.
- 16) Өз-өзіне қол жұмсау әрекеті.

54-тарау. Сақтандыру төлемінің және сақтандыру сомасының мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері

218 Сақтандырылған тұлғаның ауруханаға жатуға әкелген сақтандыру жағдайына қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

219 Сақтандыру төлемінің мөлшері, еңбекке жарамсыз 7 (жетінші) күнтізбелік күннен бастап еңбекке жарамсыз әрбір күнтізбелік күн үшін сақтандыру сомасынан 0,2% (нөл бүтін оннан екі пайызға) тең, бірақ еңбекке жарамсыздықтың жалпы ұзақтығы бір сақтандыру жағдайымен байланысты 60 (алпыс) күнтізбелік күннен аспайды.

220 Сақтандыру шартының осы қосымша шарттары бойынша сақтандыру төлемі бір реттік төлеммен Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің 55-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

55-тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттар тізімі

221 Сақтандыру жағдайының орын алуын растау үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:

- 1) Поликтің көшірмесі;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелері: Алушы банктің атауы, БСН, БСК, Банктің ЖСК, ағымдағы немесе карт шоты;
- 4) Сақтандыру жағдайының белгілері, оның себебі, шығын мөлшері бар жағдайлардың орын алуын растайтын тиісті құзыретті органдардан (өрт қызметі, құқық қорғау органдары) берілетін құжаттар;
- 5) Сақтандырылған тұлға өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында сақтандыру жағдайлары орын алғанда – Өндіріс орнындағы қайғылы оқиға туралы акті немесе осындай Актінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 6) Медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған травматологиялық пунктіден анықтама немесе оның көшірмесі;
- 7) Сақтандырылған тұлғаның медициналық мекемеден берілген медициналық картасының (сырқаттану тарихы) үзіндісі немесе берген мекеменің мөрі басылған үзінді көшірмесі;
- 8) Берген мекеменің мөрімен куәландырылған амбулаторлық картаның көшірмесі.
- 9) Сақтандырушының сұрататын сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған құжаттары.

222 Сақтандырушы сонымен қатар Сақтандыру ережелерінің 20-тарауы 107-тармағында қарастырылған құжаттарды, сонымен қатар уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақты сұратуға құқылы.

223 Сақтандырылған тұлға дәрігерлерді, күтім жасайтын тұлғаларды, медициналық мекемелерді және уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлерін Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылған тұлғаның денсаулығы туралы анықтама беруге уәкілетті етеді.

224 Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды оларды алған (қабылдаған) күнді көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) берілген құжаттардың толық тізімін және оларды Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша қабылданған күнін көрсете отырып анықтаманы беруге міндетті. Бұл ретте егер Сақтанушы (Пайда алушы) сұратуы пошталық байланыспен берген болса Сақтандырушы жоғарыда аталған анықтаманы пошталық байланыс арқылы Сақтанушының (Пайда алушының) орналасқан жері немесе тұрғылықты жеріне жібереді.

225 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы оларға кем шыққан құжаттар туралы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды, Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар туралы хабарламаны жөнелтеді.

226 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережелерінің осы тарауында көрсетілген барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы шешім қабылдауға құқылы.

56-тарау. Пайда алушы

227 Сақтандырылған тұлғаны ауруханаға жатқызуға әкелген қайғылы оқиғадан Сақтандыру шарты бойынша Пайда алушы Сақтандырылған тұлға болып табылады.

10-бөлім. Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиғадан мүгедек болған жағдайда бастапқы екі жылда сақтандыру, ал сақтандырудың үшінші жылынан бастап – қайғылы оқиға немесе сырқаттану жағдайында

57-тарау. Сақтандыру жағдайы

228 Сақтандыру шартының талаптары бойынша Сақтандырылған тұлға мүгедек болған жағдайда сақтандыру жағдайы Сақтандырылған тұлғаға мыналарды белгілеу болып табылады:

1) сақтандыру шартының қолданыста болған алғашқы екі жылында – сақтандыру қорғанысы әрекет еткен кезеңде орын алған сырқаттану немесе қайғылы оқиға нәтижесінде бірінші және екінші топтағы мүгедектік;

2) сақтандырудың үшінші жылынан бастап - сақтандыру қорғанысы әрекет еткен кезеңде орын алған сырқаттану немесе қайғылы оқиға нәтижесінде бірінші және екінші топтағы мүгедектік.

229 Мүгедектік тобын анықтау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жүргізіледі. Мүгедектікті анықтау жүргізілетін заңнамаларға кез келген өзгеріс және толықтырулар Сақтандырушының аталған шарт аясында Сақтандырушының жауапкершілігінің артуына әкелмейді.

230 Осы қосымша шарттар бойынша Сақтандырылған тұлғаның мүгедектік тобын, оны белгілеу себебі, мерзімі және уақытын анықтауды мемлекеттік органдар жүргізеді, олар заңнамалық акті негізінде Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрғылықты мекендейтін шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға мүгедектік тобын анықтауға уәкілетті (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік орган).

231 Сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтанушы сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарналарын) төлеуден сақтандыру шарттары талаптарына сәйкес Сақтандырылған тұлғаға мүгедектікті белгілеу кезеңге босатылады.

232 Бұл ретте Сақтандырушы пайдаға қатысумен өмірді аралас (жинақ) сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты талаптары бойынша сақтандыру төлемдерін жасауға қатысты, сондай-ақ осы Сақтандыру ережелерінің (егер болса) осы бөлімінде белгіленбеген басқа да қосымша сақтандыру шарттары бойынша жауапкершілік алады.

233 Егер сақтандыру сыйақысын Сақтанушы сақтандырудың барлық кезеңі үшін бір реттік төлеммен төленген болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандырылған тұлға берген растайтын құжаттарға сәйкес Сақтандырылған тұлға мүгедектігі кезең үшін сақтандыру сыйақысының бөлігін қайтарып береді.

234 Сақтанушы осы -тарауда көрсетілген шарттары бойынша сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарналарын) төлеуден босатылуыға құқылы емес, егер:

1) Осы Ережелерге сәйкес Сақтандырушыға берілуі тиіс Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру нысаны туралы, сақтандыру тәуекелі, Сақтандырылған тұлғаның дансаулығының жай-күйі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы қасақана жалған мәліметтерді хабарлауы;

2) Сақтанушының ақтандыру жағдайының орын алу жағдаяттарын зерттеуге кедергі келтіруі;

3) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 835-бабында белгіленген шарттарда, осы Сақтандыру ережелерінде белгіленген мерзімде хабарламау.

4) Осы Сақтандыру ережелерінің осы -тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы орын алғаннан кейін Сақтандыру Полисіне сақтандыру төлемдерін қосу/алып тастау бойынша қандайда бір өзгерістер енгізілмейді.

235 Осы Сақтандыру ережелерінің осы Тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы орын алғаннан кейін Сақтандыру Полисіне сақтандыру төлемдерін қосу/алып тастау бойынша қандайда бір өзгерістер енгізілмейді.

58 -тарау. Сақтандыру жағдайларынан шектеулер

236 осы Сақтандыру ережелерінің 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелерін қоспағанда, Сақтандырушы егер Сақтандырылған тұлғаның өлімі төмендегілермен тура немесе жанама түрде байланысты болса босатылатын болады:

- 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
- 2) Әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) Азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді (растайтын құжаттар болған жағдайда);
- 5) Сақтандырылған тұлғаның заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
- 6) Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратында ұшуы, оларға лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар тасымалдау кемесі кірмейді;
- 7) Алкоголизм алкогольді тұтынумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде пайдаланумен байланысты болады;
- 8) Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережелерінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 9) Кәсіби спорт түрімен шұғылдану, егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру қабылданғанда осы ақпаратты мәлімдемеген болса және осы ақпарат сақтандыру шартында көрсетілмеген болса;
- 10) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орта және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;
- 11) Өз-өзіне қол жұмсау әрекеті.

237 Осы Ережелердің 21-тарауында қарастырылған негіздемелерден басқа, Сақтанушы егер бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті беру тура немесе жанама түрде сақтандыру шарты қолданысы басталғанға дейін диагностикаланған сырқатпен, АҚТҚ-инфекциямен (ЖҚТБ) байланысты болса, сақтандыру жарналарын төлеуден босатылады.

238 Сақтанушы сақтандыру жарналарын төлеуден, егер Сақтандырылған тұлғаға мүгедектік сырқаттану нәтижесінде сақтандырудың осы қосымша шарттары қолданыста болған бастапқы екі жылы ішінде қойылған болса босатылмайды.

59 -тарау. Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеттері және сақтандыру жағдайы орын алғандағы тараптардың өзара қарым-қатынасына қатысты басқа да ережелер

239 Осы Сақтандыру ережелерінің 18-тарауында көрсетілген әрекеттерден басқа Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе басқа тұлға Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) тапсырмасы бойынша осы Сақтандыру ережелерінің 60-тарауында көрсетілген құжаттарды беруге, сонымен қатар Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жағдаяттарын тергеуге көмек көрсетуге міндетті.

240 Сақтанушы Сақтандырушы Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын төлеуден босатылуына құқықтарын мойындағанға дейін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын төлеуді жалғастыра беруге міндетті.

241 Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алғаннан кейін құқылы:

- 1) Сақтандыру жағдайының орын алу жағдаяттарын тексеруге;
- 2) Кез келген уақытта Сақтандырылған тұлғаның денсаулығының жай-күйі туралы және уәкілетті мемлекеттік органның қайта куәландыру нәтижелері туралы анықтаманы талап етуге;
- 3) Жылына бір реттен жиі емес Сақтандырушының есебінен (егер Сақтандырылған тұлға Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұратын болса, көлік шығындары қосылмайды) Сақтандырылатын тұлғаға Сақтандырушы тағайындаған дәрігерлер, сонымен қатар мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген мүгедектік тобын тексеру үшін қосымша медициналық тексерулер өткізіп отырады;
- 4) Медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссия қызметкерлерінің негізсіз жасаған қорытындысына және/немесе мемлекеттік уәкілетті органдардың қызметкерлерінің мүгедектік туралы құжаттарды заңсыз бергені үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған тәртіпте шағым жасауға.

242 Сақтанушы осы Сақтандыру ережелерінің 60-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын төлемеуге немесе осындай құқықтарды жазбаша үлгіде танудан уәжді бас тартуды беруге құқылы.

243 Сақтандырушы Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын төлемеу құқықтарын мойындағаннан кейін, Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша қайғылы оқиға орын алғаннан кейінгі кезең үшін төленген сақтандыру жарналарын қайтарып беруге міндетті.

60-тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттар тізімі

244 Сақтандыру жағдайының орын алуын растау үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:

- 1) Сақтандыру полисінің түпұсқасы барлық қосымшаларымен;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелері: Алушы банктің атауы, БСН, БСК, Банктің ЖСК, жинақтау, ағымдағы немесе карт шоты;
- 4) Сақтандыру жағдайының белгілері, оның себебі бар жағдайлардың орын алуын растайтын тиісті құзыретті органдардан (өрт қызметі, құқық қорғау органдары) берілетін құжаттар;
- 5) Сақтандырылған тұлғаның медициналық мекемеден берілген медициналық картасының (сырқаттану тарихы) үзіндісі немесе берген мекеменің мөрі басылған үзінді көшірмесі;
- 6) Уәкілетті мемлекеттік органның Сақтандырылған тұлғаның мүгедектегі туралы нотариалды куәландырылған анықтамасы;
- 7) Берген мекеменің мөрі басылған амбулаторлық картаның көшірмесі;
- 8) Сақтандырылған тұлға өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында сақтандыру жағдайлары орын алғанда – Өндіріс орнындағы қайғылы оқиға туралы акті немесе осындай Актінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

245 Сақтандырушы Сақтандыру ережелерінің 20-тарауы 107-тармағында қарастырылған құжаттарды, сонымен қатар уақытша еңбекке жарамсыздық парағын сұратуға құқылы.

246 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның)

Тапсырмасы бойынша басқа тұлға Сақтандырушының сұратуы бойынша осы Тараудың 244, 245-тармақтарында қарастырылған құжаттарды беруге, сонымен қатар Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жағдаяттарын тексеруге көмек көрсетуге міндетті.

247 Сақтандырылған тұлға дәрігерлерді, күтім жасайтын тұлғаларды, медициналық мекемелерді және уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлерін Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылған тұлғаның денсаулығының жай-күйі туралы анықтама беруге міндетті.

248 Сақтандырылған тұлға тексеретін және емдейтін дәрігерлердің нұсқауларын емдеу және мүгедектіктен оңалу мақсатында орындауға міндетті.

249 Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын Сақтандырушы осы Тараудың 244, 245-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алғанға дейін төлеуді жалғастыруға міндетті.

250 Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің осы Тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын төлемеуге немесе осындай құқықтарды жазбаша үлгіде танудан уәжді бас тартуды беруге құқылы.

251 Сақтандырушы Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарнасын төлемеу құқықтарын мойындағаннан кейін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын қайтарып беруге міндетті.

61--тарау. Сақтандырылған тұлғаны мүгедектіктен оңалту

252 Сақтанушы Сақтандырылған тұлғада бірінші және екінші топтағы мүгедектік тоқтатылған сәттен бастап (мүгедектік оңалған) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын төлеуді қалпына келтіруге міндетті.

11-бөлім. Сақтандырылған тұлға ауыр науқас жағдайында сақтандыру

62-тарау. Сақтандыру жағдайы

253 Сақтандыру жағдайына Сақтандыру шарты қолданысы басталған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен ерте емес мерзімде диагностикалаған, егер сырқаты диагностикаланған сәттен бастап Сақтандырылған тұлға 30 (отыз) күнтізбелік күн өмір сүрсе және осы Сақтандыру ережелерінің 46 -тарауында көрсетілген ауыр науқас бойынша анықтамаға сәйкес келетін Сақтандырылған тұлғаның ауыр науқастануы болып табылады.

63 -тарау. Ауыр науқастану

254 Инфаркт миокарда – қан айналымының жеткіліксіз болу себебінен миокарда учаскелерінің жансыздануы. Диагноз барлық үш белгісі арқылы негізделуі тиіс: 1. Төс жасушасындағы қалыпты ауру сезімінің болуы; 2.ЭКГ типтік жаңа өзгерістер, мысалы: ST сегментінің немесе Т тісінің өзіне тән сипаттамасымен өзгерісі, берік сақталатын Q тісінің патологиясының қалыптасуы; 3.қанның кардиоспецификалық ферменттерінің белсенділігін типті түрде арттыру. Диагноз бен зерттеу мәліметтерін білікті дәрігерлер (кардиологтар) растауы қажет.

255 Қалыпты ұлпаға метастаз және инвизияның, лейкемия, лимфа жүйесінің қатері ісінің, сонымен қатар Ходжкин ауруының болуымен байланысты гистологиялық тұрғыдан

бақылаусыз өсетін қатерлі ісік ретінде жіктелетін бір немесе бірнеше ісікпен танылған қатерлі ісігі, оларға кірмейтіндері:

- 1) инвазиялық емес қатерлі ісік - in situ; гистологиялық тұрғыдан олар қатерлі ісік алдындағы болып сипатталады;
- 2) Тері жабындарының қатерлік ісіктері және меланомдар, олардың максималды қалыңдығы, гистологиялық қорытындыға сәйкес 1.5 мм кем немесе TNM жіктемесі бойынша T3N(0)M(0) даму деңгейінен аспайды;
- 3) Бүртікті-ретикуляторлық қабатқа кірмейтін кез келген басқа қатерлі ісік;
- 4) Терінің барлық гиперкератоздары немесе базалдық-жасушалық карциномалары;
- 5) Басқа органдарға өсу болмаған жағдайдағы барлық эпителиді-жасушалық тері обалары;
- 6) саркома Капоши және басқа да АҚТҚ-инфекциямен немесе ЖҚТБ-пен қауымдастырылған қатерлі ісіктер;
- 7) TNM жіктемесі бойынша T1 (сонымен қатар T1a, 1b, 1c) кезеңіндегі қуықалды безінің обасы;
- 8) АҚТҚ-инфекциясы немесе ЖҚТБ болған жағдайдағы қатерлі ісіктер.
- 9) Цервикальды интраэпителиальді неоплазияның барлық кезеңдері.

256 Екі бүйректің де қызметінің созылмалы қайтымсыз бұзылуымен сипатталатын терминалды кезеңдегі бүйрек жеткіліксіздігі, ол тұрақты түрде бүйрек диализін (гемодиализ немесе перитонеальді диализді) қолдануды немесе донорлық бүйректі трансплантациялауды талап етеді.

257 Ұзақтығы 24 (жиырма төрт) сағаттан асатын неврологиялық симптоматиканы шақыруға әсер ететін және ми ұлпалары учаскелерінің жансыздануына әкелетін, ми инфарктын тудыратын геморрагия және эмболияға әкелетін, диагноз қойылғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде қалдық құбылыстардың сақталуына (неврологиялық симптоматика) әкелетін инсульт (ми инфаркты), оларға си қан айналымының ишемиялық бұзылыстарына және осы сияқты синдромдарға өтетін, бас миының жарақат алуы, мигрень негізінде туындайтын неврологиялық симптомдар.

258 Созылмалы қолқа ауруларын аортаның ақауы бар бөлігін кесу және трансплантпен ауыстыру арқылы қолқаның кеуде және/немесе ішперде бөлігінің ауруларын хирургиялы емдеу, оларға қолқаның тармақтарын хирургиялық емдеу кірмейді.

259 Сақтандыру қорғанысы кезеңінде орын алған сырқаттану салдарынан немесе қайғылы оқиға нәтижесінде екі көзінің толық, үнемі және қайтарымсыз көрмей қалуы;

260 Стеноз/жеткіліксіздік немесе осы күйлердің қатарласып келуі салдарынан қолқа, миртальды, трикуЖҚТБальды немесе пульманальдық жүрек клапандарын олардың жасанды аналогтарымен ауыстыру, оларға вальвулотомия, вальвулопластика және клапандарды ауыстырусыз өткізілетін емдеудің басқа да түрлері кірмейді.

261 Өмірлік маңызды органдарды, мысалы жүректі, өкпені, бауырды, ұйқы безін, жіңішке ішек, бүйрек немесе жілік майын трансплантациялау, оларға басқа органдар мен ұлпаларды трансплантациялау кірмейді.

262 Жұлын-ми сұйықтығындағы сипатты өзгерістермен және магнитті-резонансты томографияда тіркелетін арнайы зақымдалулармен 6 (алты) ай ішінде демиелинизация және моторлы және сенсорлық функцияның бұзылуы типтік симптомдарымен шашыраңқы склероз.

263 Сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезең ішінде орын алған қайғылы оқиға салдарынан паралич немесе 3 (үш) ай бойы ішінде екі және одан артық аяқ-қол қозғалыс қызметін толық және тұрақты жоғалтуға әкелген жұлын аурулары, оларға Гийена-Барре синдромы кірмейді.

264 Стеноздалған немесе бітеліп қалған жүрек қан тамырларын жүрекке баратын қан тамырының ангиографиясы бар болса сырттай айналдыра тамырлы шунттау арқылы түзеу мақсатында Ашық тәсілмен жүрек қан тамырлары артерияларын хирургиялық емдеу, оларға артерияларға ангиопластика және/немесе басқа да манипуляциялар жасау, лапароскопиялық хирургиялық манипуляциялар жасау кірмейді.

64 -тарау. Сақтандыру жағдайынан шектеу

265 осы Сақтандыру ережелерінің 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелерін қоспағанда, Сақтандырушы егер Сақтандырылған тұлғаның өлімі төмендегілермен тура немесе жанама түрде байланысты болса босатылатын болады:

- 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
- 2) Әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) Азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді (растайтын құжаттар болған жағдайда);
- 5) Сақтандырылған тұлғаның заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
- 6) Сақтандырылған тұлғаның медициналық мекеменің білікті дәрігерінің жазып берген дәрілерінен басқа есірткілік ұралдарды қабылдауы;
- 7) Алкоголизм, орта және жоғары дәрежедегі мастану, алкогольдік кардиомиопатия, алкогольдік бауыр циррозы, алкогольдік кома, алкогольдік бауырдың майлы дистрофиясы, алкогольдік гепатит, алкогольдік панкреатит, алкогольдік энцефалопатия, алкогольдік делирия (психоз, галлюцинация), алкогольдік абсисцентті синдром, алкогольдік полинейропатия, сонымен қатар алкогольді пайдаланумен байланысты себеті-салдарлы сырқат түрлері;
- 8) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орта және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;
- 9) Кәсіби спорт түрімен айналысу, егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыруға қабылданғанда осы ақпаратты мәлімдемесе және осы ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмесе;
- 10) Алкоголизм алкогольді тұтынумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде пайдаланумен байланысты болады;
- 11) Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережелерінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 12) ҚТҚ-инфекциямен сырқаттану.

266 Сақтандырушы егер сақтандыру жағдайы (егер растайтын құжаттар болса) тура немесе жанама түрде Сақтандырылған өз-өзіне қол жұмсау салдарынан болса сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.

267 Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарламау, егер сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы уақтылы білгендігі дәлелденбеген болса немесе сақтандырушыда ол туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жасау міндеттемелеріне қатысты болмаған жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға құқық береді.

Егер Сақтандырушы (Пайда алушы) орынды себептер бойынша Сақтандырушыға жоғарыда көрсетілген мерзімде сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарлауға мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол уақтылы хабарламау себептері жазбаша түсініктеме беруге міндетті және егер болған болса растайтын құжаттарды қоса ұсынады. Бұл ретте, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы уақтылы хабарламау немесе хабарламау Сақтанушының еркінен тыс себептермен түсіндірілетін болса және осы деректі растайтын тиісті құжаттар берілген болса, онда бұл жағдайда хабарламау немесе уақтылы хабарламау Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін негіздеме болмайды.

Хабарламау немесе уақтылы хабарламаудың орынды себебі Сақтанушының ырқынан тыс жағдаяттар болып табылады, атап айтсақ: тежеусіз күштер жағдаяты, яғни осы жағдай бойынша төтенше және алдын алу мүмкін емес (форс-мажор) жағдайлары, соларға кіретін, бірақ шектелмейтіндері: апаттық құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б.;

268 Сақтандырушы осы Қағидалардың 63-тарауына сәйкес ауыр науқыстың анықтамасына сәйкес келмейтін кез келген сырқаттар бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан босатылады.

269 Сақтандырушы егер диагноз сақтандыру қорғанысы қолданыста болу кезеңі басталғанға дейін белгіленген болса (бірінші диагностика) сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.

270 Сақтандырушы егер ауыр науқас диагнозы сақтандыру шарты қолданысы басталғаннан бастап 3 (үш) ай ішінде белгіленген болса (бірінші диагностика) сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.

271 Сақтандырылған тұлғаға сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезеңде бірінші рет диагностикаланған ауыр науқас диагнозы қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.

65 -тарау. Сақтандыру төлемінің және сақтандыру сомасының мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері

272 Сақтандырылған тұлға ауыр науқас жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

273 Сақтандыру төлемінің сомасы сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру сомасына тең.

274 Сақтандыру қорғанысы әрекет ететін кезеңде бірінші рет диагностикаланған Сақтандырылған тұлға ауыр науқас болған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі Сақтандырылған тұлғаға ауыр науқас диагнозы қойылған күннен басталатын ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн болатын уақыт кезеңі аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Сақтандырушы Сақтандыру қорғанысы әрекет ететін кезеңде бірінші рет диагностикаланған Сақтандырылған тұлға ауыр науқас болған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі Сақтандырылған тұлғаға ауыр науқас диагнозы қойылған күннен басталатын ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн болатын уақыт кезеңі аяқталғаннан кейін жүзеге асырылуы бойынша, егер Сақтандырылған тұлға осы тармақта белгіленген кезең аяқталған күннен кейінгі келесі күні тірі болу шартында өзіне міндеттеме алады.

275 Сақтандырылған тұлға ауыр науқас болған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі Сақтандырылған тұлғаға ауыр науқас диагнозы қойылған күннен басталатын ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн болатын уақыт кезеңі аяқталғаннан кейін қайтыс болған жағдайда төленбейді.

276 Сақтандыру шартының осы қосымша шарттары бойынша сақтандыру төлемі бір реттік төлеммен Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің 66-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

277 Сақтандыру төлемі осы Сақтандыру ережелерінің 63-тарауында көрсетілген ауыр науқас диагнозын Сақтандырылған тұлғаға бірінші қойған жағдайда жүзеге асырылады. Сақтандырылған тұлғаға ауыр науқас диагнозын бірінші қойған жағдай бойынша сақтандыру төлемін жасағаннан кейін Сақтандырылған тұлға ауыр науқас болған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру шартының талаптарының қолданысы тоқтатылады.

278 Сақтандыру төлемін жасағанда Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

66-тарау. Сақтандыру жағдайының орын алу деректерін растайтын құжаттар тізімі

279 Сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезең ішінде орын алған, Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы бойынша Сақтандыру жағдайы орын алғанда, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:

- 1) Сақтандыру полисі;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелері: Алушы банктің атауы, БСН, БСК, Банктің ЖСК, жинақтау, ағымдағы немесе карт шоты;
- 4) Сақтандыру жағдайының белгілері, оның себебі, шығын мөлшері бар жағдайлардың орын алуын растайтын тиісті құзыретті органдардан (өрт қызметі, құқық қорғау органдары) берілетін құжаттар;
- 5) Сақтандырылған тұлға өзінің қызметтік міндеттемелерін орындау барысында сақтандыру жағдайы орын алғанда – Өндірістегі қайғылы оқиғалар туралы акті немесе осындай Актінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 6) Сақтандырылған тұлғаның медициналық мекемеден берілген медициналық картасының (сырқаттану тарихы) үзіндісі немесе берген мекеменің мөрі басылған үзінді көшірмесі;
- 7) Медициналық мекеме берген, медицина саласындағы маманның «ауыр науқас» диагнозына сәйкес келетін білікті қорытындысы берілген құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі (сырқаттану тарихынан үзінді, амбулаторлық картадан үзінді, ресми медициналық хаттама, үлгі 027-2/у, қорытынды немесе анықтама, тиісті мамандық бойынша дәрігердің қолы қойылған, ДБК, МӘСК анықтамасы және т.б.). Құжаттар оны берген мекеменің мөрімен куәландырылуы тиіс және оларда диагноз туралы мәліметтер, негізінде диагноз қойылған зерттеу мәліметтері, диагнозды бірінші рет қойған күн, жүрек күре қан тамырларына операцияларды жасау, органдарды трансплантациялау және т.б. қажеттілігі туралы негіздеме берілуі тиіс.
- 8) Осы диагноз негізінде қаланған зерттеу нәтижелері;
- 9) Жалпы клиникалық (инвазиялық емес) зерттеу әдістерінің мәліметтері:
 - а) биохимиялық зерттеу мәліметтері;
 - б) вирусологиялық зерттеу мәліметтері;
 - в) гематологиялық зерттеу мәліметтері;;
 - г) вирусологиялық зерттеу мәліметтері;
 - д) иммунологиялық зерттеу мәліметтері;
 - е) гистологиялық зерттеу мәліметтері;
 - ж) микробиологиялық зерттеу мәліметтері;
- з) молекулярлы-биологиялық зерттеу мәліметтері;
- и) химиялық-токсикологиялық зерттеу мәліметтері;

к) генетикалық зерттеу мәліметтері;

л) цитологиялық зерттеу мәліметтері;

м) сәулелік диагностикалық зерттеу мәліметтері; (компьютерлік томография, магнитті-резонансты томография, радионуклидті, ультрадыбыстық, рентгенологиялық диагностикалар, термография);

н) функционалды диагностиканың зерттеу мәліметтері (электрокардиография, ас қорыту жолдары арқылы кардиостимуляция, велоэргометрия, электроэнцефалография, реография, миография, спирография, ангиография, энцефалоскопия және т.б.);

о) эндоскопиялық диагностиканың зерттеу мәліметтері (бронхоскопия, фиброгастроуденоскопия, колоноскопия, цистоскопия, гистероскопия және т.б.); қажет болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайының орын алу себебін оларсыз белгілеу мүмкін емес, сонымен қатар сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін қажетті қосымша құжаттарды сұратуға құқылы;

10) «ауыр науқас» диагнозын қою және оны растау үшін мәліметтер жеткіліксіз болған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандырылған тұлғаны Сақтандырушының өзі көрсеткен медициналық мекемеде қосымша тексеруді тағайындауға құқылы болып қала береді.

280 Сақтандырушы сонымен қатар Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының сұратуында көрсетілген күндегі жай-күйі бойынша толық медициналық диагноз берілген, денсаулық жағдайы туралы анықтаманы, берген мекеменің мөрімен куәландырылған уақытша еңбекке жарамсыздық парақтарын, сот-медициналық сараптамасының көшірмелерін сұратуға құқылы. Сақтандырылған тұлға дәрігерлерді, күтім жасайтын тұлғаларды, медициналық мекемелерді және тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметкерлерін Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылған тұлғаның денсаулығының жай-күйі туралы анықтаманы беруге уәкілетті етуге міндетті.

281 Сақтандырушы құқылы:

1) Сақтандыру жағдайының орын алу жағдаяттары мен себебін тексеруге;

2) Сақтандыру жағдайына қатысты ақпаратқа ие болуы мүмкін үшінші тұлғалардың сұратуларын жіберуге;

3) Сақтандырылған тұлғаны қосымша медициналық тексеруін сонымен қатар сақтандыру жағдайының жағдаяттарын, себептерін және салдарын тексеру үшін Сақтандырушы тағайындаған дәрігерлердің талап етуге.

282 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) тапсырмасы бойынша басқа тұлға Сақтандырушының сұратуы бойынша осы - тараудың 279-тармағында көрсетілген құжаттарды беруге, сонымен қатар Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жағдаяттарын тексеруге көмек көрсетуге.

283 Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды оларды алған (қабылдаған) күнді көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) берілген құжаттардың толық тізімін және оларды Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша қабылданған күнін көрсете отырып анықтаманы беруге міндетті.

284 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы оларға кем шыққан құжаттар туралы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды, Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар туралы хабарламаны жөнелтеді.

285 Сақтандыру төлемі Сақтанушының (Пайда алушының) көрсеткен банктік шотына аударылады. Сақтандыру төлемін жасау немесе аудару бойынша шығындар, егер төлем немесе аударым Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын болса Сақтанушының есебінен жүргізіледі.

286 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережелерінің осы тарауында көрсетілген барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы шешім қабылдауға құқылы.

67-тарау. Пайда алушы

287 Сақтандырылған тұлға ауыр науқас жағдайында осы ұосымша сақтандыру шарттары бойынша Пайда алушы Сақтандырылған тұлға болып табылады.

12-бөлім. Сақтандырылған тұлғаға (балаға) дене жарақатын тудырған қайғылы оқиға жағдайында сақтандыру

68-тарау. Сақтандырылған тұлға

288 Пайда алушы осы Тараудың 60-тармағы шарттары бойынша мыналар бола алады: Сақтандырылған тұлғаның ұлы (қызы), немересі, жиені, ағасы-әпкесі немесе Сақтандырылған тұлғаның Полиске қол қойған күні 15 (он бес) жасқа толмағана баласы, бағуындағы, қарауындағы баласы (бұдан әрі - бала).

289 Егер Сақтандыру шарты орын алғанға дейін Сақтандыру ережелерінің осы Бөлімінің шарттары бойынша Сақтандырылған тұлға осы сақтандырудың осы қосымша шарттары бойынша Сақтандыру ережелерінің 288-тармағына сәйкес келмейтін тұлға болса, Сақтанушы Сақтандырушымен келісім бойынша Сақтандырылған тұлғаны тиісті тұлғаға ауыстыруды жүзеге асыруға міндетті. Кері жағдайда Сақтандыру ережелерінің 24-тармағында белгіленген салдары орын алады.

69-тарау. Сақтандыру жағдайы

290 Сақтандырылған тұлғаға дене жарақатын әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезең ішінде Сақтандыру ережелерінің 68-тарауында көрсетілген Сақтандырылған тұлғаға осы дене жарақатында сақтандырудың қосымша шарттарында (бұдан әрі – осы қосымша шарттар бойынша сақтандырылған) қайғылы оқиға салдарынан болған дене жарақаты қабылданады.

70 -тарау. Сақтандыру жағдайына кірмейтіндері және сақтандыру жағдайынан шектеу

291 Осы Сақтандыру ережелерінің 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелерін қоспағанда, Сақтандырушы егер Сақтандырылған тұлғаның өлімі төмендегілермен тура немесе жанама түрде байланысты болса босатылатын болады:

- 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
- 2) Әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) Азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді (растайтын құжаттар болған жағдайда);
- 5) Сақтандырылған тұлғаның заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;

- 6) Бактериалды инфекция, кесіп алу немесе жарақаттанудан туындайтын инфекция да кіреді;
- 7) Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратында ұшуы, оларға лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар тасымалдау кемесі кірмейді;
- 8) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орта және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;
- 9) Маскүнемдік, алкогольді қабылдаумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде қабылдап отырумен байланысты;
- 10) Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережелерінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 11) Кәсіби спорт түрімен айналысу, егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыруға қабылданғанда осы ақпаратты мәлімдемесе және осы ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмесе;
- 12) Қайғылы оқиға нәтижесінде туындаған сырқаттануды қоспағанда кез келген сырқат түрі, тек егер осындай қайғылы оқиға сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезде орын алса
- 13) Грыжа;
- 14) Эпилептикалық құлау, жүректі қысылуы және апоплексикалық соққы;
- 15) Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиға салдарынан алған дене жарақаттарын емдеу үшін тікелей қажетті емдік шаралар мен операцияларды қоспағанда, бірақ дене жарақатының орын алуына әкелген қайғылы оқиғадан кейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей Медициналық немесе хирургиялық емдеу немесе операция.

16) Өз-өзіне қол жұмсау әрекеті

292 Сақтандырушы «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесінде» келісілген дене жарақаттары бойынша ғана сақтандыру төлемдерін төлейді.

293 Сақтандыру төлемінің мөлшері «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесінде» белгіленеді. «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесі» сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып саналады.

71-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен мерзімі

294 Сақтандырылған тұлғаның дене жарақатына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

295 Сақтандырылған тұлғаның дене жарақатына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшерін Сақтандырушы «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесіне» сәйкес белгілейді.

296 Бір қайғылы оқиға салдарынан орын алған бірнеше дене жарақаты жағдайындағы және «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір бөлімінде келісілген сақтандыру төлемі сақтандыру төлемінің барынша жоғары мөлшеріндегі жарақат қарастыратын тармаққа сәйкес жүргізіледі.

297 Бір қайғылы оқиға салдарынан орын алған бірнеше дене жарақаты жағдайындағы және «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір бөлімінде келісілген сақтандыру төлемі әрбір дене жарақаты бойынша жеке жүргізіледі, бірақ сақтандыру төлемдерінің сомасы сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

298 «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір тармағында көрсетілген бір немесе бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі осы тармаққа сәйкес бір уақытта анықталған мөлшерде, дене жарақатының санына қарамастан жүргізіледі.

299 Сақтандыру төлемінің мөлшері бір аяқ бойынша дене жарақатын алған жағдайда белгіленген («Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдері кестесінде» белгіленген жағдайларды қоспағанда), ал осы сияқты екі аяқ бойынша дене жарақатын алғанда сақтандыру төлемінің мөлшері екі еселенеді.

300 Кез келген жағдайда сақтандыру төлемдерінің ортақ мөлшері сақтандыру сомасы мөлшерінен аса алмайды.

301 Сақтандыру шартының осы қосымша шарттары бойынша сақтандыру төлемі бір реттік төлеммен Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің 72-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

302 Сақтандыру төлемін жүзеге асырғанда Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

72-тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттардың тізімі.

303 Сақтандыру жағдайының орын алуын растау үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:

- 1) Поликтің көшірмесін;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелері: Алушы банктің атауы, БСН, БСК, Банктің ЖСК, жинақтау, ағымдағы немесе карт шоты;
- 4) Сақтандыру жағдайының белгілері, оның себебі, шығын мөлшері бар жағдайлардың орын алуын растайтын тиісті құзыретті органдардан (өрт қызметі, құқық қорғау органдары) берілетін құжаттар;
- 5) Сақтандырылған тұлға өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында сақтандыру жағдайлары орын алғанда – Өндіріс орнындағы қайғылы оқиға туралы акті немесе осындай Актінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 6) Травматологиялық пунктіден анықтама немесе оның медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
- 7) Сақтандырылған тұлғаның медициналық мекемеден берілген медициналық картасының (сырқаттану тарихы) үзіндісі немесе берген мекеменің мөрі басылған үзінді көшірмесі;
- 8) Берген мекеменің мөрі басылған амбулаторлық картаның көшірмесі;
- 9) Травматологиялық пунктіден анықтама немесе оның медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
- 10) Рентген-сурет бойынша рентгенологтың сипаттамасы немесе танысуға арналған рентген-сурет (егер болса);
- 11) Сақтандырушының сұрататын сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған құжаттары.

304 Сақтандырушы сонымен қатар Сақтандыру ережелерінің 20-тарауы 107-тармағында қарастырылған басқа да құжаттарды сұратуға құқылы.

305 Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды оларды алған (қабылдаған) күнді көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) берілген құжаттардың толық тізімін және оларды Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша қабылданған күнін көрсете отырып анықтаманы беруге міндетті.

306 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы оларға кем шыққан құжаттар туралы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының

орын алуы туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды, Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар туралы хабарламаны жөнелтеді.

307 Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережелерінің Сақтандыру ережелерінің осы Тармағында көрсетілген барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы шешім қабылдауға құқылы.

73 -тарау. Пайда алушы

308 Сақтандырылған тұлғаның қайғылы оқиға салдарынан дене жарақатына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру шарттары бойынша Пайда алушы болып Сақтандырылған тұлға болып табылады.

13-бөлім. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру

74-тарау. Сақтандырылған тұлға

309 Сақтандырудың осы қосымша шарттары бойынша сақтандырылған тұлға Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылады.

75-тарау. Сақтандыру жағдайы

310 Сақтандыру ережелерінің 74-бабында көрсетілген Сақтандырылған тұлға қайтыс болу жағдайында сақтандыру шарты шарттары бойынша сақтандыру жағдайы (бұдан әрі – Осы қосымша шарттар бойынша Сақтандырылған тұлға) Сақтандырылған тұлғаның осы қосымша шарттар бойынша қайтыс болуы болып табылады:

а) сақтандыру қорғанысының қолданыста болған кезеңінде орын алған қайғылы оқиға салдарынан сақтандырудың қосымша шарттарының қолданыста болған алғашқы екі жылында;

б) сырқаттану немесе қайғылы оқиға салдарынан сақтандырудың осы қосымша шарттарының қолданыста болған үшінші жылынан бастап.

311 Осы Ережелердің 13-тармағына сәйкес сақтандыру шарты бойынша құқықтар мен міндеттемелер өтетін сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын төлеуден босатуға құқықтарын мойындағаннан кейін сақтандыру шартының шарттарына сәйкес сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуден босатылады.

312. Бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру шартының басқа шарттары бойынша сақтандыру төлемін жасау бойынша міндеттеме алады.

76 -тарау. Сақтандыру жағдайына кірмейтіндері

311 Осы Сақтандыру ережелерінің 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелерін қоспағанда, Сақтандырушы егер Сақтандырылған тұлғаның өлімі төмендегілермен тура немесе жанама түрде байланысты болса босатылатын болады:

- 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
- 2) Әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) Азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін

қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді (растайтын құжаттар болған жағдайда);

5) Сақтандырылған тұлғаның заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;

6) Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратында ұшуы, оларға лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар тасымалдау кемесі кірмейді;

7) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орта және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;

8) Маскүнемдік, алкогольді қабылдаумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде қабылдап отырумен байланысты;

9) Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережелерінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;

10) Кәсіби спорт түрімен айналысу, егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыруға қабылданғанда осы ақпаратты мәлімдемесе және осы ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмесе;

11) АҚТҚ-инфекциясы (ЖҚТБ)

314. Шарт бойынша сақтандырушының құқықтары мен міндеттері өткен тұлғалар егер Сақтанушының өлімі осы Ереженің 21-тармағында қарастырылған негіздемелерден басқа төмендегілермен тура немесе жанама түрде байланысты болса сақтандыру төлемін төлеуден (сақтандыру жарнасын) босатылмайды:

1) сақтандыру шарты қолданысы басталғанға дейін диагностикаланған сықаттану;

2) егер сақтандыру жағдайы осы сақтандырудың қосымша шарттары әрекет еткен алғашқы екі жылы ішінде болған жағдайдағы, сырқаттану;

3) өзі-өзіне қол жұмсау немесе соған әрекет ету.

77-тарау. Сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттардың тізімі

315. Сақтандыру жағдайының орын алуын растау үшін Пайда алушы Сақтандырушыға Сақтандыру ережелерінің 20-тарауы 106, 107-тармақтарында қарастырылған құжаттарды беруге міндетті.

316. Пайда алушы Сақтандырушыға жеке басын куәландыратын құжатты және сақтандыру төлемін алуға құқық беретін құжатты беруге міндетті.

317 Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін осы Тарауда көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын немесе олардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін (егер басқалай қарастырылмаса) береді. Сақтандырушының қалауы бойынша осы құжаттарды берген немесе осы көшірмелердің түпнұсқасы бар заңды тұлға мөрі мен басшысының қолы арқылы расталған құжаттардың көшірмелері берілуі мүмкін.

318 Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды оларды алған (қабылдаған) күнді көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) берілген құжаттардың толық тізімін және оларды Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша қабылданған күнін көрсете отырып анықтаманы беруге міндетті.

319 Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережесінің осы Тарауында көрсетілген барлық құжатты бермеген жағдайда сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

78-тарау. Пайда алушы

ІНҚ-ПС-01 Пайдаға қатысумен бала пайдасына өмірді аралас сақтандыру ережелері («Болшак» сақтандыру бағдарламасы)

№1 басылым

стр. 53 из 54

320. Пайда алушы осы Сақтандыру бөлімшесінің бөлімінде белгіленген сақтандыру жағдайы бойынша егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса, Сақтандырылған тұлғаның келісімімен сақтандыруға өтініште Сақтанушы болып тағайындалады.

14-бөлім. Қорытынды ережелер

79-тарау. Қосымша шарттар

321 Кез келген сақтандыру шартына қатысты хабарлама, өтініш, ескерту, түсіндіру жазбаша үлгіде оларды жөнелтуді растауға мүмкін болатын тәсілмен жазбаша үлгіде орындалуы тиіс.

322 Тараптар сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Сақтандыру ережелері және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкершілік алады.

323 Сақтандыру шартында реттелмеген тараптар арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес регламенттеледі.

324 Полисті жоғалтқан жағдайда Сақтанушы Сақтандырушыға ол туралы хабарлауға және Полистің телқұжатын алуға өтініш беруге міндетті. Полистің телқұжатын Сақтандырушы егер Сақтанушы өтінішті берген күні төленуі тиіс барлық сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйақысы) толық төленген жағдайда береді. Полистің телнұсқасын бергені үшін Сақтанушы екі жүз тенге көлемінде ақша сомасын төлеуге міндетті. Сақтандырушы тиісті дубликатты бергеннен кейін жоғалған Полис жарамсыз болып табылады.

325 Сақтандыру шартын жасаған Тараптар арасындағы барлық даулар келіссөздер арқылы шешілетін болады. Егер осындай даулар келіссөздер арқылы шешілмеген болса, олар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкердің орналасқан мекенжай бойынша сот тәртібінде шешілетін болады.

326 Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгеруіне байланысты осы Сақтандыру ереженің жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасы қайшы келіп жатса, бұл ережелер Сақтандыру ережесіне тиісті өзгертулер енгізбестен, автоматты түрде күшін жояды. Осы Сақтандыру ережесінің біреуі жарамсыз болса, ол қалған ережелерге қатысты емес. Жарамсыз ереже заңды түрде рұқсат етілген және тиісті қатынастарды реттейтін өзге ережемен алмастырылады.

327 Осы Сақтандыру шарты қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Сақтандыру шартының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда, Сақтандыру ережесінің орыс тіліндегі мәтініне басымдық беріледі.